

Жаңа форматтағы жүздесу бұқара көңілінен шығып жүр

Мәселенізді айту үшін бұрынғыдай әкімдіктің табалдырығын тоздырмайсыз. Хатыңыз хатшының алдында сарғайып жатпайды. Бөлім жетекшілері мен басқарма басшысы ғана емес, қазір, тіпті, облыс әкімінің өзі алдыңызға келіп, мұң-мұқтажыңызды тыңдайды. Алысқа ұзатпай, проблеманызды шешу үшін жауапты мамандарға көзіңізше тапсырма береді. Аймақ басшысы мен халықтың кездесуі кейінде осындай жаңа форматта өтіп жүр. Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындарымен кездесті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртаудағы кездесу мәдениет үйінде өтті. Облыс әкімінен бастап, барлық басқарманың басшылары жиналды. Кездесу барысында 50-ге жуық талон беріліпті. Соның отызға жуығы – Ермағанбет Бөлекпаевқа. Солардың бірі – Светлана Мұхамедкалиева. Ол көп жылдан бері қаланың ортасында тұрған дүкенін орталықтандырылған жылуға қоса алмай жүр екен. Қосайын десе, жауаптылар бір-біріне сілтеп, сенделтіп қояды екен. Мәселені егжей-тегжейімен аймақ басшысына баяндап берді.

– Дүкенімізді орталықтандырылған жылудан ажыратып тастай берді. Осылайша кәсібімізге бөгет жасап жатыр. Жергілікті әкімдік-тетігер бізге осының бәрін әдейі істеп жүргендей көрінеді. Жанай-қайымызға құлақ аспай қойды. Қостырайық десек, қырық сылтау айтады. Тіпті, ақша сұраған кездері болды. Біз сотқа беріп, жеңіп шыққан едік. Содан кейін жылуды қалпына келтірген. Биыл қайтадан



ажыратып тастады. Біз прокуратураға шағымдандық. Олар әлі тексеру жүргізіп жатыр, хабар жоқ. Бүгін, міне, алдыңызға мәселеміз шешіледі деген үмітпен келіп отырмыз. Одан бөлек, дүкеніміздің әйнегін таспен атып, шағып кетеді. Бірнеше рет полицияға арыз жаздық. Олар да әрекет етпейді, – деді Теміртау қаласының тұрғыны Светлана Мұхамедкалиева.

Ермағанбет Бөлекпаев кідірместен жергілікті билік өкілдерін шақыртып, тұрғынның мәселесін дереу реттеуді тапсырды. Сонымен қатар, шешілу барысын қатаң бақылауда ұстайтын жеткізді. Ал, әйнекті шаққан бұзақыларға қатысты істі сол жерде отырған облыстық полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Құрманғали Ысмағұловқа бағыт-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тады. Полиция Светлана ханымның жанайқайын тыңдап, осы істі реттейтіндерін айтты. БАҚ өкілдерінің көзіңше уәде берді.

кемізден шығады. Белгісіз біреулер біз үйде жоқ кезде келіп, тұрмыстық қалдықтарды шашып, төгіп кетеді. Айта-айта жалықтық. Әкімдікке бардық. Еш қайыр болмады. Ең болмаса, қоқысты тастап кететіндерді анықтап, жазаласа екен. Жаздың ыстығында аулаға шығудан қалдық. Жел тұрған күні төңіректі қағаз басып кетеді, – дейді ашынған тұрғын.

Айта кетейік, Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауға осыдан үш ай бұрын келген еді. Теміртаудың әкімі Ораз Тәуірбековтің айтуынша, шілдеде өткен көшпелі қабылдауда көтерілген мәселенің басым бөлігі оң шешімін тапқан.

– Барлық сұрақтар ескерілді. Бірден шешілмейтіндері қалды, оған уақыт қажет. Олар – қоршаған ортаға, коқыс полигондарына, қоғамдық көлікке қатысты мәселелер. Әсіресе, біздің тұрғындарды трамвай паркінің тағдыры алаңдатады. Әрине, ең бастысы жылу мәселесі, – деді қала әкімі.

Бір топ ата-ана «Мариам» жеке-меншік балабақшасы газбен жылытуға қашан қосылатынын сұрады.

– Балабақша басшылығы бізге уәде берді. Кездесу туралы біліп, мәселемізді айтуды жөн көрдік. Алдымен білім бөлімінің өкілдеріне, одан кейін энергетика және ТКШ бөлімінің басшысына хабарластық. Көз алдымызда бәрін біліп, бір апта ішінде газ қосылатынын айтты. Біз бәрін бақылауға алдық. Көп күттірмей бәрі шешімін табады деген үміттеміз, – деді Теміртау қаласының тұрғыны Өйгерім Мөлкенова.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Құтқарушылар – құрмет құшағында

Бейсенбіде жауапты қызмет пен батылдықты ұран еткен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлері «Құтқарушы күнін» атап өтті. Кәсіби мерекеде Отан алдындағы парызы мен антына адал қызметкерлер марапатталды. Осы уақытқа дейін қарағандылық құтқарушылар қызмет барысында жеделдігі мен табандылығын бірнеше рет дәлелдеді. Әрбір құтқарушының батыл шешімі мен жауапты қызметінің нәтижесі мыңдаған адамның өмірін ажал отынан арашалап қалған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құтқарушылар күніндегі салтанатты жиында қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген азаматтар ерлігі ескерілді. Құтқарушылар Абай облысындағы тілсіз жауды ауыздықтар кезінде ерлікпен қаза тапқан батырларды еске алды.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қаптанов құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтап, қызметтік міндеттерін адал атқарғандарға наградалар табыс етті.

– Біздің батылдық – өмірлерді құтқарумен байланысты. Азаматтық қорғаныс саласында осындай ұранмен көптеген адамдар еңбек етуде. Құтқарушы – бұл өмір сүру салты әрі жауапты қызмет. Ерлік жасауға, Отан үшін өзінді құрбан етуге дайын болу, – дейді төтенше жағдайлар министрінің Алғыс хатымен мара-



патталған құтқарушы Александр Ковтун.

Мерекелік шарада «Мамандығым – құтқарушы» сурет және өлең оқу байқауының кішкентай жеңімпаздарына сыйлықтар табысталды. Қызметтік міндеттерін адал орындағаны және жұмысында

жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін бірқатар қызметкерлер марапатталды. Қарағандыдағы №10 өрт сөндіру бөлімі басшысының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Қанат Ешмағанбетовке, сондай-ақ департамент құрамындағы төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің

бас маманы, азаматтық қорғау капитаны Қанат Шәмшиевке мерзімінен бұрын азаматтық қорғау майоры атағы берілді.

Батық су қоймасында суға бат-



қан адамды құтқарып, көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін Еламан Одесханға «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» медалі табысталды.

– Азаматтық қорғаныс саласы қызметкерлерінің жұмысы қауіп-қатерге толы. Қиындықтарға қарамай

әрбір құтқарушы төтенше жағдайды жою жұмыстарына қатысуға әрқашан дайын. Құтқарушылар еңбегі қашанда жоғары бағалануы тиіс. Облыстың орман өртін сөндіру қызметі биыл 5 бірдей жаңа станциямен толықты, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басин.

Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қаптановтың айтуынша, қазіргі таңда ТЖМ құтқару авиациясы мен әскери бөлімі әрқашан дайындықта. Өңір аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан елді қорғауды қамтамасыз етіп жүрген техника паркі соңғы жылдары айтарлықтай жаңарды. Халықты қорғау және төтенше жағдайларды жою үшін облыста шамамен 2000 адамнан тұратын 54 бөлімше бар. Құтқару бөлімшелерін жабдықтау жылдан жылға жақсаруда.

Жалпы елімізде төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет 1995 жылы 19 қазан күні құрылды. Кәсіби мереке 2008 жылдан атап өтілуде. Құтқарушылар қатарында өрт сөндірушілер, сүнгізушілер, кинологтар, дәрігерлер және басқа да қызметкерлер бар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Заңсыз дәрінің жолы кесіледі

Келер жылдан бастап, елде дәрі-дәрмектерді қадағалауда жаңа цифрлық жүйе іске қосылды. Цифрлық жүйе кеше Үкіметте өткен кеңесте таныстырылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәрілік заттарды қадағалау жүйесі бірнеше мәселені бірден шешуге ықпал етеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдарда дәрілік заттарды қайта жазу және өтірік есептен шығару мүмкіндігін жойып, дәрілік заттардың бөлшек саудадағы бағасына, қалдықтарына және жарамдылық мерзімдеріне мониторинг жүргізеді.

Толық қадағалау мақсатында әр қорапқа екі өлшемді бірегей Data Matrix коды қолданылады. Нәтижесінде республикадағы дәрілік заттардың толық айналымын өндірілген сәттен бастап, қолданысқа дейін онлайн бақылауға мүмкіндік туады.

– Жүйе дәрілік заттардың көлемкелі саудасын едәуір төмендетеді және оларды орталықтандырылған сатып алу-ды тиімді жоспарлауға көмектеседі. Аталған платформада дәрі-дәрмек қорын таблетка санына дейін қадағалауға болады, – деді Денсаулық сақтау вице-министрі Бейбіт Есенбаев.

Сондай-ақ, ықтимал контрафактілік өнімдерді анықтауға, дәрілік заттардың бекітілген бағаларын бақылауға мүмкіндік туатыны атап өтілді.

«Жаңа жүйе ел тұрғындарын контрафактілік өнімдерден қорғайды. Тұтынушы сатып алған дәрі-дәрмектің заңды екеніне және олардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз екеніне еш күмәнданбауына болады», – деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова.

Қазір жоба пилоттық режимде жүзеге асырылуда. Қадағалау жүйесін 2024 жылдың шілдесінен енгізу жоспарланған. Премьер-Министр платформаның барынша тиімді және ауруханалар, емханалар, ауылдық денсаулық сақтау мекемелері мен дәріханаларда қолдануға ыңғайлы болуы үшін оның барлық функционалдығын егжей-тегжейлі пысықтауды тапсырды.



ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.



Kaspi.kz

арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай 3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша
(бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
	Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Баспасөз - 2024



«Өрнек НС» өнімі өңірлерде

Жол тәртібі «Солға бұрыл, онға қарай жүр, тоқта, абайла, балалар, бұрылыс!» және де басқа ескерту белгілерге бағынады. Ал, оны Қарағанды облысында «Өрнек НС» өндірістік компаниясы жасап шығаратынын біреу білер, біреу білмес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан, өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет» деген болатын. Жоғарыда айтылған компанияда «Қарағандыда жасалған» өнімдерімен отандық нарықта өз орнын тауып осы үдеден шығуда.

– Біздің компания 2009 жылы құрылды. Міне, 14 жыл нарықтамыз. Қарағанды облысы ғана емес, еліміздің басқа облыстарына да жол белгілерін жасап, жеткізіп береміз. Көбінесе біз сұранысты тапсырыс аясында қанағаттандырамыз. Темірді еліміздегі алпауыт «АрселорМиттал Теміртау» компаниясынан аламыз. Ал қаңылтырды «МеталлСбыттан», белгі бетіне жабыстыратын жарық шағылыстыратын таспаны біз Германиядан жеткіземіз, – дейді кәсіпорынның бас маманы Жансая Бекенқызы.

Құрылған уақыттан бері тапсырыс берушінің талаптарын орындап келе жатқан компанияның арнайы цехында екі адам жұмыс істейді. Бірі – инженер болса, екіншісі – арнайы қаңылтырды шабушы. Сонымен қатар, бұл мамандар дөнекерлеу, темір кесу секілді жұмыстарды қоса істейді.

Апликацияда екі қыз бар. Олар да – осы кәсіпорында істегендеріне он жылдан асқан тәжірибелі мамандар. Ұжым ұзақ жыл бірге болғандықтан да ұйымшыл.

– Қарағанды облысы ғана емес Түркістан облысы тапсырысын орындайды. Қордай жақтағы автобанда да біздің алыстан көрінетін жол белгілеріміз менмұндалайды.



Қазақстанның түпкір-түпкірінен тапсырыс түсіп жатады.

Сондай-ақ, жол жөндеумен әрі оның құрылысымен айналысатын корей фирмасымен, Балқаш-Қарағанды тасжолындағы мердігерлер қытайлық «CITIC Construction Co., LTD» ұйымымен бес жыл бойы және түріктердің «SINE MIDAS STROY» мекемесімен тығыз байланыстамыз. Он жылдан астам уақыт ішінде Қарағанды облысы аумағындағы барлық қала, аудандарына өнімдерімізді жібердік.


– «Өрнек НС» өндірістік компаниясы тек өнім шығарып қана қоймайды, оны орнатады да.

Облыстан сыртқары да шығамыз дедім ғой, ең ұзақ істегеніміз Қордай ауданы мен Түркістан облысына дайындаған тапсырыс болды. Өйткені, оларға жеткізу бар, әрі тапсырыс көлемі де мол болған еді.

Негізінде, бәсекелестер әзірге жоқ. Бірақ, олар болған күннің өзінде біз өзімізге сенімдіміз. Өйткені, тапсырысты дер уақытында орындаймыз, сапалы әрі төзімді металдарды пайдаланамыз, – дейді Жансая.

Компания арнайы бекітілген мемлекеттік стандарт бойынша жұмыс істейді, сертификаты да бар.

Жансая сөз арасында негізінен



Реформа – өміршең өзгерістер

тапсырыс желтоқсан айына дейін болатынын, келесі жылы сәуір айынан бастап, қарбалас тірлікке көшетінін айтып қалды.

Бүгінде «Өрнек НС» Қарағанды қаласының ішінде жол белгілерін қойып жатыр.

– Өзіміз тендерге қатысып, ұтып алып орналастырамыз. Сонымен қатар, тапсырыс берушілердің де өтінішін аяқсыз қалдырмауға тырысамыз. Үлгермей қалып, ұятқа қалған күніміз болған емес, – дейді ол.

Тек жол бойындағы белгілерді ғана жасайды деп ойласаңыз, қателесесіз. Бұл компания өзен, көл жағалауларындағы ескерту тақталарды, теміржолдағы арнайы белгілерді де дайындап береді. Ал, «Қазақмыс» компаниясы қауіпсіздік ережелері жазылған тақталарын жасатқан.

Айлықтары да тұрақты, жұмыстан кейін қалып немесе демалыс күндері шақырылып еңбек етсе, қосымша ақы төленеді.

Сөзге қосылған, осы компанияның ардагері болып отырған Сырым Ибадилдин:

– Компания құрылғалы, яғни, 2009 жылдан бастап осында темір кесуші болып жұмыс істеймін. Станоктарды осында алып келуге де атсалыстым. Мына тұрған гелиятинамен темір басамыз, ал екіншісімен дөңгелек белгілерді жасаймыз. Арнайы станоктың бәрі бар. Тапсырысқа байланысты күніне екі жүз белгіге дейін дайындаймыз, – дейді.

Сырымның шәкірті, бүгінде осы іске білек сыбана араласқан Бактияр Сұлтанбеков болса: «Сырым ағамнан үйренерім әлі көп. Бұл кісі мұндағы станоктарды сонау 2009 жылдары Челябинскіден әкеліп, орнатып, іске қосты. Бүгінде білгенін, түйгенін бізге үйретуде. Қазір мен де төселіп алдым. Әрі дәнекерлеушімін», – дейді.

Алда қыс, ол уақытта жолдағылардың жұмысы тынышталса да, бұл жерде еңбек көрігі басылмайды. Өйткені, оларды келесі жылғы тапсырыстар күтіп тұр.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалы хабарлайды

Валюта айырбастау: халық не білуі керек

Жеке тұлғалар банктік емес және банктік айырбастау пункттерінде, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде айырбастау операцияларын жасай алады. Қазіргі уақытта Қарағанды облысында барлығы 163 айырбастау пункті жұмыс істейді.

Айырбастау пункттерінде ғана валютаны айырбастауға рұқсат етіледі. Мысалы, көшеде валюта сатып алу үшін ескерту немесе қайталап бұзған жағдайда айыппұл қарастырылған.

Айырбастау пунктінің стөдінде, атап айтқанда, лицензияға (банктік емес айырбастау пункттері үшін) қоса берілген қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына орналастырылған лицензияның не Ұлттық Банктің аумақтық филиалының жазбаша растамасының

(банктік айырбастау пункттері үшін) болуына назар аудару қажет.

Айырбастау операциясынан кейін бақылау чегін алу қажет. Егер ол берілмеген болса, онда мемлекеттік кірістер департаментіне шағыммен жүгіну керек.

Айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған жағдайда жеке тұлға айырбастау пунктінің кассирінен анықтама талап етуге құқылы, онда айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрі мен сомасы көрсетіледі, анықтаманың берілген күні мен уақыты қойылады. Анықтамаға кассир қол қоюы және тіркеу нөмірі болуы тиіс. Осыдан кейін тексеру жүргізу үшін анықтамамен Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жүгінуге болады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тұмау өршіп тұр

Қазан айы басталғалы бері 5 мыңнан астам адам жігі респираторлық вирусты инфекциямен ауырган. Науқастардың жартысынан көбі – 14 жасқа дейінгі балалар. Бұл деректерді облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті таратып отыр.

Басқарма басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, облыста жыл сайын ЖРВИ мен тұмау жұқтырған 40-60 мың адам тіркеледі. Былтырғымен салыстырғанда ауырғандар саны 1,4 есеге өскен.

– Ай басынан бері 5270 жағдай тіркелді. Бұдан бөлек, тұмауға жатпайтын вирус түрлері де анықталды. Мәселен, риновирус – 67%, бокавирус – 13,7%, аденовирус – 7,8%, РС-вирус – 3,9%. Тұмау салдарынан кайтыс болғандар жоқ. Аймақта имундау шаралары жүріп жатыр, – деді Юрий Залыгин.

Білім беру ұйымдарында бір инкубациялық кезең ішінде сынып санынан 20-дан 30%-ға дейінгі оқушылар ауыrsa, білім беру ұйымдарында оқытудың кабинеттік жүйесінен бас тар-

ту, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңа балаларды қабылдауға тыйым салу ұсынылады. Егер ауырған оқушылар саны 30%-дан асса, оқушыларды онлайн оқытуға ауыстыру жүзеге асырылады. Өңірлерде инфекцияның апталық бақылау деңгейі өссе немесе көрсеткіштері 1,5 еседен артса, бұл шектеу шараларын енгізуге негіз болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес биыл В вирусымен қатар тұмаудың А/Н1N1, А/Н3N2 түрлері басым болмақ. ЖРВИ мен тұмаудың ауа арқылы жұғатынын және оның қоздырғыштарының қоршаған орта әсеріне берік екенін ескерсек, аурудың алдын алған орынды.

Өз тілшімізден

• ДІН – ДІҢГЕК

Конфессияаралық бірлік – рухани келісімнің негізі

Бұл жол мемлекет пен қоғамның жолы сияқты бүгін басталған жоқ. Атап айтқанда, діни ұйымдардың өкілдері оны салуды 1893 жылы қыркүйекте Американың Чикаго қаласында өткен конгресте бастады. Конгресс (немесе Парламент) өз-өзінен болған жоқ, ол Чикагодағы дүниежүзілік көрменің бөлігі болды. Ол көптеген тақырыптарды: еңбек, медицина, антропология, сауда және қаржы, әдебиет, тарих, өнер, философия, ғылым және т.б., яғни, іс жүзінде бүкіл әлемге дамудың жоғары қарқынын беретін нақты прогреске қол жеткізген салаларды қамтыды.

Одан әрі дамытудың көптеген мәселелері жөнінде қызу пікірталастар болып жатты. Олар конгрестер және парламенттер деп аталды. Оның ішінде, жалпы дін жөніндегі пікірталас та туындады. Шын мәнінде, әлемнің түпкір-түпкірінің жоғары лауазымды тұлғалары діндердің әлемдік дамудағы орны (рухани бастауы) және діндер бірлігі мәселелерін талқылады. Діндер парламентінің (Конгресінің) төрағасы Джон Генри Берроуз (*америкалық жазушы, суретші, натуралист және философ*) оны ашу барысында: «Дін де аспанның ақ нұры сияқты, адами қабылдау әсерінен өте отырып, көптеген түрлі-түсті фрагменттерге бөлінді. Осы алуан түсті нұрды көктегі ақиқаттың ақ нұрына қайтару – Діндер парламенті міндеттерінің бір», – деп атап өтті. Бұл Шығыс пен Батыстың рухани дәстүрлері өкілдерінің алғашқы ресми жиыны болды. Бүкіл әлемде ресми дінаралық диалог осылайша бастау алды.

Алайда, дін көшбасшылары рухани күштерді адамзаттың дамуының игілігіне бағыттау қажеттігін алға тарта отырып, негізгі назарды мүмкіндігінше біртұтас дін құру мәселесіне аударды. Содан рухани келісім идеялары дамуын таппай қалды. Ал, XX ғасырда діни әлем эккуменизм мәселелерін жиі талқылай бастады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғында Чикаго айтқанын идеялар XX ғасырдың соңында ұлынған суранысқа не болды. Әлемдік дамудың шындығы, әлемдегі қайшылықтардың күшеюі радикализмнің, текетірістіктің және терроризмнің деструктивті идеялары

на қарсы бейбітшілік пен келісімді нығайтуда әлемдік діндердің жасампаз қызметінің әлеуетін біріктіруді талап етті.

Ал, Тәуелсіз Қазақстан бірінші Діндер конгресіне қатысқандардың дәл осы игі бастамасын жүзеге асырған ел болды.

Бұл заңдылық, өйткені қазақ топырағында тату көршілік, толеранттылық, өзара қолдау көрсету, ымыраға ұмтылу принциптері ғасырлар бойы қалыптасқан. Көптеген діндер болғанымен, бізде ешқашан діни тұрғыдағы қақтығыстар болған емес.

Сондықтан ар-ождан бостандығы мен толеранттылық қазіргі қолданыстағы конфессияаралық келісімнің негізіне айналғаны кездейсоқ емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап татулық пен келісім, ішкі тұрақтылық еліміздің табысты дамуының және алға қойған мақсаттарына жетудің басты шарты ретінде қарастырылды.

1893 жылы Чикаго қаласындағы бірінші Діндер конгресінің жүз жылдығына орайластырылып, 1992 жылы 18 қазанда Алматы қаласында 1-ші Дүниежүзілік рухани келісім конгресі өткізілді. Конгрестің ерекшелігі – әлемдік тарихта тұңғыш рет әлемдік діндерді және рухани қоғамдық ұйымдардың өкілдері, белгілі ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері руханият мәселелерін талқылау үшін бір үстел басына жиналды. Оның үстіне жер шарындағы және жекелеген елдердегі бейбітшілік пен тыныштық жолында рухани негіздер арқылы іс-әрекет бірлігіне жетудің жолдары ізделірілді.

Конгрестің манифесінде: «Қазіргі әлемде қалыптасып жатқан жағдай. Табиғаты мен ауқымы жағынан бұрын-соңды болмаған дағдарыс адамзатты өзін-өзі жою шегіне жеткізді. Саясаткерлер мен экономистер бұл дағдарыс алдында дәрменсіз болып шықты, ал дәл осы рухани дағдарыстан шығу тек рухани жолдармен ғана мүмкін болады. Қазірде әлем таулардан аңғарларға түсіп, өздерінің тұрақты және тікелей қатысуымен адамдардың жүрегі мен санасына әсер ететін адамзаттың үстаздары мен рухани серіктестеріне өте мұқтаж. Осы мақсат жолында Рухани келісім конгресі құрылды, ол ұлағатты ұстаздардың рухани серпінінің

жолбасшысына айналуы тиіс», – делінген.

Бұл Абайдың: «Адамзаттың бастауы – махаббат пен әділдік. Ол барлық жерде бар және бәрін шешеді» немесе «Әділетсіз иман да, адамгершілік те жоқ», – деген сөздерімен үндес емес пе?

Конгресс ашылған күн – 18 қазан – Дүниежүзілік рухани келісім күні болып жарияланды.

Қазақстанда бұл күн «Рухани келісім күні» болып белгіленді.

Нәліктен бұл күн біз, қазақстандықтар үшін маңызды? Оның мағынасы қандай?

Ең алдымен, бұл адамның шығу тегіне, діни немесе басқа наным-сеніміне қарамастан, өзінің өмір сүруіне, жалпы адамзаттық құндылықтарға, адам өмірінің құндылығына адалдығын көрсету. Бұл күні конфессиялар арасындағы диалогтың басты шарты бірлесе қайырымдылық жасаудағы әрекеттері, деструктивті идеологияларға қарсы тұратындығы түрлі іс-шараларда айқын көрсетіледі. Олар дінге сенбейтіндердің де, дінге сенетіндердің де мүддесі үшін мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайту қажеттігіне түсінбеушіліктің жоқтығын іс жүзінде көрсетеді. Өйткені мұның бәрі адамның, оның дамуы мен әл-ауқатының мүддесі.

Осы атаулы күнге арналған іс-шараларды өткізу этностық тегінің, саяси көзқарастары мен діни сенімінің айырмашылығына қарамастан, тәуелсіздік жылдарында қоғамды тазартудың және өзгерудің негізгі заңдарды құрметтеуде, руханиятта, жоғары адамгершілікте, мәдениетте жатыр деген түсініктің күшейгенін айқын көрсетеді.

Қоғамдық пікір көшбасшыларының, дінтанушылардың, теолог-ғалымдардың, діни бірлестіктер басшыларының қатысуымен білім беру ұйымдарында дөңгелек үстелдер, лекторлық және сынып сағаттары, түрлі форматтағы акциялар, дебаттар, байқаулар өткізілді.

Облыстың кітапханалары мен өлкетану музейлерінде «Рухани үйлесімділік әлемі» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылып, оның барлығы түрлі конфессия өкілдерінің қатысуымен өткізілді.

Діни бірлестіктер өкілдерінің облыстағы

медицина мекемелеріндегі ауыр науқастарға баруы дәстүрге айналды.

Осының барлығы рухани келісімді дамытуда өз түп-тамырын түсіну және ішкі тұрақтылық үшін рухани келісімнің қажеттігі туралы қоғамдық сананы нығайтуға бағытталған.

Толеранттылықсыз, тек жеңілдік ретіндегі ғана емес, өзара түсіністік және өзара қарым-қатынас ретіндегі рухани келісімнің болуы мүмкін емес. Бұл бізге Қазақстанда қақтығыстардың болмауы үшін қажет.

Қазақстан халқының рухани мұрасымен үндесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни толеранттылықты және діни сенімдерге құрметпен қарауды тану/түсіну Қазақстандағы рухани келісімнің іргетасы болып табылады.

Қазақстанның зайырлы сипатын жариялай отырып, ар-ождан бостандығы құқығын мойындайды, сонымен қатар адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдер кез келген дінді ұстану құқығын қамтамасыз етіп қана қоймай, діни ұйымдардың мемлекеттің ісіне араласпай, діни қызметті жүзеге асыру құқығына кепілдік береді, бірақ олардың мемлекеттің ішкі өміріне араласуына жол бермейді.

Ұзақ жылдарғы кеңестік жүйеден кейін қазақстандықтардың санасы діннің Жаратқанға қызмет етуімен қатар, адамдарды рухани біріктіруге, уақытша жоғалған мәңгілік құндылықтарға қайтаруға шақыратыны және қабілетті екенін бірте-бірте түсіне бастады. Айта кететіні, тек діни рухани құндылықтар туралы ғана айтылып отырған жоқ.

«Рухани келісім күні» діни ұйымдар және олардың көшбасшылары өз кызметіндегі мақсаттарының бірі қазақстандықтардың да, әлемдік қауымдастықтың да алдында мемлекетіміздің абырой-беделін тұжырымдау міндетіміз деп санауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұған, сонымен бірге елімізде өткізілетін Әлемдік діндер көшбасшыларының съездері ықпал етеді. Қазақстан мұнда әлемдік діндер арасындағы ынтымақтастық тарихының жаңа парағын ашты. Съездердің

жұмысының ең маңызды нәтижелерінің бірі әр діннің ұстанымдарына конфессиялар диалогының сәйкес келетінін түсіну болып табылады. Бұл – рухани қарым-қатынастың бір түрі. Әр конфессия рухани, ұлтаралық және қоғамдық келісімді нығайтуға өз үлесін өзініше қоса алады (*тек Қарағанды облысындағы конфессиялардың саны – 15, ал бұл – 280 діни бірлестік, олардың қарамағында 229 ғибадат үйлері бар*). Олардың мұны істеуге әлеуетті мүмкіндігі бар.

Әлеуметтік сауалнамалардың деректеріне сүйенсек, облыс тұрғындары діни ахуалды қолайлы деп бағалайды. Дегенмен, конфессиялардың жалпы белсенділігінің артуы аясында түрлі діни деструктивті күштерді ұстанатындардың әрекетін байқауға болады. Олар түрлі арналармен қоса, интернет, әлеуметтік желілер арқылы діни органы жікке бөлуге, дінді мемлекетке қарсы қоюға ұмтылады. Көбіне жастарға көңіл аударады.

Отан дін саласындағы біліммен, Қазақстан халқының рухани бірлігі мен адамгершілік негіздерімен қарсы тұруға болады.

Қазақстанның өзінде діндердің текетірістігіне негіз жоқ, керісінше, елдің бүкіл рухани тарихы өзара түсіністік, ортақтастық және толеранттылық болып табылады.

Қазақстанда конфессияаралық қайшылықтардың туындау қаупі төмен болғанына қарамастан, біз конфессиялар арасындағы диалогты дамытуымыз керек, оның негізінде рухани ұстанымдардың алатын орны зор.

Руханият – біріктіруші құбылыс. Рухани келісім – жасампаздыққа апарар жол. Қуатты, жоғары дамыған, рухани бай Қазақстанды құру жолындағы еңбекке бағыттау.

Бұл жерде «Келіспеушілік бұзады, ал келісім асқақтатады!» – деген поляқтың фантаст-жазушысы Аджей Спавковскийдің айтқан сөзі еріксіз еске түседі.

Рухани Келісім күнін өткізудің мәні баршамызды дәл осыған шақырады.

Жантөре ХАСЕНОВ,
Қарағанды облысы дін істері басқармасының «Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығы» КММ басшысы



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115 сандарында)

Талант

Талант – ұлттан да, мемлекеттен де жоғары! (Марат Қабанбай).

Ақымақтар еліне айналып барамыз ба?

Осыдан біраз уақыт бұрын «Аргументы и факты» апталығы академик Сергей Капицаның «Рассио превращают в страну дураков» (№37, Қарашаның 9-15 жұлдызы) атты дабылды мақаласын жариялады. Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының (ВЦИОМ) мәліметтеріне қарағанда, ресейліктердің 35 пайызы кітап бетін ашпайтын көрінеді. «Егер осы бетімен кете берсе, – деп дабыл қағады орыс оқымыстысы – бұл елдің болашағы күнгірт».

Бұл жалғыз Ресейдің басындағы жағдай емес, бұрынғы одақтас елдердің бәріне ортақ қасірет. «Жұмыс көп. Кітап оқуға уақыт та жоқ» деген сыйлау елдің көсегесін көгертпейді. Қайта оны тығырыққа тірейді. Кешегі аға ұрпақтың жұмысы бүгінгі біздікінен аз болып па еді? Еңбек өнімділігі бұдан бұрынғы уақытта бүгінгіден әлдеқайда мол болған.

Қазір қайратты, тау қопарардай небір енгезердей ер жігіттер күзетші болып күн көріп жүр – еңбек еткісі келмейтін кержалқау! Кердең сері!...

Адам мен маймылдың организмі бір-біріне өте ұқсас. Маймыл түк оқымайды.

Адам кітап оқудың арқасында цивилизацияның биігіне көтерілді! Міне, мәселе – қайда?!

XXІ ғасыр – жоңкілген информациялар ғасыры. Атам заманнан бүгінге дейінгі мол қазына кітапханаларда жатыр. Ертеде кітап болмаса да, халықтың ауыз әдебиеті кемеліне келіп еді. Мәселен, казактың халықтық эпосын алыңыз. Жас ұрпақ аталарының тізесінде отырып, миф пен аңыздардың көркемдікке сұғарылған небір сұлу да, ұлы нұсқаларын тыңдап, Гома Сapiенске (саналы адамға) айналған.

Соңсоң, дүниеге жазу келді де, ол ойлы оқырманды туғызды.

Академик С.Капица жоғарғы оқу орындарына абитуриент қабылдаудың соны нұсқасын ұсынады. «Ешқандай емитиханның керегі жоқ!» – дейді ашулы академик – әрбір абитуриент өзінің қандай мамандықты не үшін тандайтынын айтып, төрт-бес парақ сауатты шығарма жазып шықса, сол – жетеді». Өзінің ойын сауатты жазып шыққан адамның интеллектуалдық байлығы мен мәдениеті, ақыл-ой деңгейі сол шығармадан-ақ айнаға түскендей ап-анық көрініп тұрады. Бүгінгі таңда бүкіл әлем тығырыққа

тіреліп тұр! Неге дейсіз ғой? Кітап оқымайды! Көзі – теледидарда... Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» дәуірнамасын түпнұсқадан оқу мен теледидардан көре салудың арасы – жер мен көктей! Мәдениет министрлерінің еңсесі үкіметтегі барлық министрден биік болуға тиіс!

Мәдениетті комерцияға басыбайлы құл қылудың соңы сорға айналып барады! Мемлекеттік, ұлттық идеяға көз жұмып сенетін, өз Отаны, өз елі мен жұртын елжіреп сүйетін армия мен ақша үшін өз елін де, өзгені де өлтіре беретін жалдамалы әскердің арасы да – жер мен көктей! Бұл екеуі бір-біріне мүлде керағар, екі бөлек армия...

Өнердің өзгеше шедеврлері ақшамен жасалмайды – жүректен туады! «Мемлекет – деп жазады академик – өзінің күш-қуатын ақшамен немесе әскери күшпен еселей алмайды. Мемлекеттің мерейін Мәдениет ғана тасытады!

Мәдениет және оның даму деңгейі – ұлттық қауіпсіздіктің басты өлшемі – осы» дейді орыс оқымыстысы.

Орыстар – ой үстінде. Ал, біз қашан ойланамыз осы?!

«Барлық ақын баласы бір адамның...»

Адамзат ақындары мен Алаш ақындарының тағдыр таланы ұқсас. Пушкин дуэльде мерт болса, біздің Абай қазақтың қайғы-қасіретін көтере алмай, пайғамбар жасына тұяқ іліктірместен фәниден бақиға аттанды. Байрон кіндік кесіп, кір жуған жұртнан ат тонын ала қашып, бөтен ел, бөгде жерде қаза тапса, біздің Қасым соғыстан солдат шинелін сүйретіп келіп, ит пен құс, бұралқы мен бұзақы жүрген Алматыдан пәтер таба алмай, жасына жетпей жер құшты!

Францияның қалай ұлы ел болғаны түсінікті!

«Егер менің Қорғаныс министрім нашар болса, бір шайқастан жеңілермін. Егер Ауыл шаруашылығы министрім нашар болса, бір жыл егінсіз қалармын. Егер Мәдениет министрім нашар болса, Франция көршілерінен елу жыл кейін қалар еді!» (Шарль де Голль).

Тексіз

Дүниедегі ең жаман індет – ұлттық хәм адамзаттық құндылықтарға «ит көрген ешкі көзденің!» (Абай), өршелене қарсы шығу екен!

...Осында келіп-кеткен әкім атаулының бәріне «ләлбай, таксыр!»-лап, ауылын жағалай жамандап, көзге шыққан сүйелдей болған бір тексіз көк сзу маған мұрынын шүйіре қарап, «– Өй, сендерді – қой! Біз білеміз ғой бәрін...» деп қойып қал-

ды. «– Не болды?!» «– Сендердің Өбіш Кекілбайларың патшаның қолынан сүйген...».

Басқадан да естіп жүрмін ғой, дәл осы сүмелектен мұндай сөзді күтпегем.

«Өй! – дедім өзімді-өзім әзер ұстап, – Өбіш – кім?! Сен – кімсің?! Ұлы тұлғаның тізесіне бойың жетпей тұрып, оның ақ шалған басына қарама, – мойының үзіліп кетеді!»

Қазақ хәм әлем мәдениеті

ФБ-дан бір ән естідім. Бұл – орыс әні! Сөзі – 20-шы ғасырдың ұлы ақыны Андрей Вознесенскийдікі. Алла Пугачеваның айтуымен жер-жаһанды шарлаған ән – «Миллион раушан» әні. Жапондар оны жапонша айтады! Корейлер – корейше.



Біз болсақ, орысша айтамыз. Тіпті, оны орыстан да асырып, акцентсіз аспандатып шыркап берер едік!..

Ұлт болып қалыптасып, өркениеттің өріне шыққан жұрттың бәрі басқа бір елдің мәдениетіне суша сіңіп, тастай батпай, қайта олардың озығын өзіне сіміріп алып, тозығын тәрк етіп, жер бетінде малдасын құрып, нық отыр.

Біз ше?!

Жазғыштың бәрі – жазушы

Жұматай Жақыпбаев жазғыштың бәрі – жазушы, айтқыштың бәрі – ақын болған елде ғұмыр кешті. Біздегі жазушылардың ұзын саны бүгінде 700-ден асып жығылады.

Ақыл-оймен әлемді тәнті етіп отырған Жапонияның өзінде мұншама қаламгер жоқ көрінеді...

Өтірік пен шындық

Болмыс-бітімі ар-ұяттан жаралған Адалдық пен Шындық төсектен тұрып, шалбарын киіп үлгергенше, Өтірік пен Өсек, Жала мен Пәле жалғанды тыр жалаңаш-ақ шарлап шығады! (Ү. Черчилль).

Жапон құпиясы

Жапондардың бізге ұқсамайтын бір қасиеті, олар – еңбегі мен күнделікті қырбыр-жыбыр тірлік, қарекеті туралы тілін безеп, баяндама жасап, жиналыс ашып жатпайды, – жұмыс жасайды!

«Осакаровка» деген не сөз?

Анықтамалықтарды ақтарып-теңкеріп тапқанымызға қараңыз: «Материал из Википедии – свободной энциклопедии: Осакаровка (каз. Осакаровка) – посёлок в Осакаровском районе Карагадинской области Казахстана. Административный центр и единственный населённый пункт Осакаровской поселковой администрации. Расположен на автомагистрали Астана – Караганда. В 1999 году население посёлка составляло 8080 человек (3719 мужчин и 4361 женщина). По данным переписи 2009 года, в посёлке проживало 8046 человек (3793 мужчины и 4253 женщины). Железнодорожная станция на линии Астана – Караганда, в 110 км к северо-западу от Караганды. Осакаровский элеватор, не-

талардай қалың қарлы болып келеді. Жамбылды – «Джамбул», Олжасты – «Алжас» деп атайтын орман елі Асакарлыны да «Осакаровка» атап жіберген болуы керек. Бұл – казактың ежелгі қасиетті мекені. Иманжүсіп оны «Абылай аспас Арқаның сары белі» деген-ді.

Ел – киесіз, Жер – иесіз болған емес. Бұл өңір – үш жүздің басын қосқан Абылай ханның серігі Нияз Баһадүрдің кіндік қаны тамған жер. Нияз батыр (1680-1760 жж.) Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада ұлттық тәуелсіздігімізге ерекше еңбек сіңірген Алаштың айтулы тұлғаларының бірі хәм бірегейі. Ол – қолына найза ұстап, қас дұшпанның қанын төккен батыр ғана емес, қазақ – жоңғар – қытай қарым-қатынастарының небір шиеленіскен түйіндерін шешуге қатысқан ірі саясаткер, дипломат, мемлекет қайраткері!

Ерін қадірлемеген жұрт іргелі мемлекет құрып, ел қатарына қосыла алмайды. Испанның ұлы ойшылы Хосе Ортега и Гассет қоғам дегеннің өзі өнеге көрсетушілер мен өнеге алушылардың қарым-қатынасынан тұратынын дәлелдеп кеткен. «Мүлдем азып кетпеген кез келген адамзат нәсілі өзінің жалпы санына сәйкес мөлшерлі, көрнекті адамдарды дүниеге әкеледі – дейді ол – Олардың бойына айрықша интеллектуалдық, моральдық және өміршендік қасиеттер дарытады. Дамыған нәсілдерде бұл мөлшер басқаларға қарағанда әлдеқайда қомақтылау әрі қуаттылау болып келеді. Басқаша айтқанда, бір ұлт бір ұлттан өзінің таңдаулы азшылығын қуаттылығымен басым түсіп жатады. Жеке жампоздар қалың көпшіліктің ортасында әркімді жолмен ерекшеленеді. Әр топ (тап) өз ортасынан бойында тек өз тобына (табына) тән қасиеттер шоғырландыратын ғана даралап шығарады. Көрнекті адамдардың жетіспеуі, міндетті түрде, ұлт тарихына жайсыз әсер етеді. Ұлт бір аяғынан ақсағандай болып қалады. Салдары белгілі – шашылып, құлау!»

Маңғыстау Бекет әулиені қалай қадірлейді?! Жетісу Райымбек батырды қалай төбесіне көтереді?! Арқада соларға жетекәбыл тарихи тұлғалар аз ба? Соның бірі – осы біздің Нияз баһадүр! Мән-мағынасы бұлдыр, түп атауы көңілге күдік, күмән ұялататын «Осакаровканы» осы Нияз батырдың атымен атасақ, тәуелсіздігіміздің тұғыры бұдан да мықты, Алаш жұртының береке-ырысы мұнан да құтты болмас па еді?! Осыны айтып егіліп жүрген Темірғали Көкөтай тегінен басқа ешкім көрінбейді... Көптің бірі емес, ғасырдың ірі тұлғасы! Соның да сөзін жүр тыңдап, құлаққа қыстырмайтын болғанымыз ба?!

«Осакаровка» деген не сөз? Одан гөрі Сарыбел деген саф алтындай емес пе? Нияз батыр деген қандай ғажап! Біздің ел осындай ерін пір тұтып, өнегесін ұстаып, соның соңынан ерсе, әлемдік қауымдастықтың көш басынан көрінбес пе еді?! Батыры жоқ елдің – қорқақ, ақыны жоқ елдің – ақымақ болатынын түсінген ел ғана тобырдан халыққа айналып, мерейлі мемлекет құрады!

(Жалғасы бар)

• МЕРЕЙ

Ән өнерінің қайталанбас тұлғасы

Өмір – бәйге, замандас озып келсе, Күбірлемей, күндемей, күліп қара.

Күләш Ахметова



гі десек, Жақан салған әндер сол «биіктерді» жаулап алғалы қашан! Әншіге бұдан артық бақыт бар ма?!

Өнер мен ел – егіз ұғым. Алты Алаштың ардақтылары Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Мұхит, Ғазиз, Әсет және басқа да өнер майталмандарының саф алтындай жауһарларын Жақан нақышына келтіре шырқағанда демін ішіне тарта тыңдамайтындар кемде-кем шығар. Халықтың киелі де асыл мұрасы ән өнеріне өмірін арнап келе жатқан елдің бел баласы ол. Оның домбырасын қағып-қағып жіберіп, бірде шырқата, енді бірде сызылта көмейінен төгілген әндерді тыңдап отырып, «Осы әндер біздің ата-әжелеріміздің де арман-қиялдарын талай қиялдарға самғатқан шығар деген ойға шомасың. Бала кезінен көрген-білген, өмірден түйген-

дерінің бастауы – дархан даламыздың шежіре қарттарынан естіген кестелі, көшелі әңгімелері екені көрініп тұрады. Олай дейтініміз, басқосуларда сөз алғанда айтар ойын шашыратпай, жүйелі, мағыналы тұжырымдармен сөз саптауы ұшқан ұя мен өскен ортасынан ілгені мол азамат екендігін көрсетеді.

Қазақ халқының қай заманда да ән тыңдау мәдениеті мен талғамы өте жоғары деңгейде болатыны, сондай деңгейде болуы осы өнер жолында елге қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан ән өнерінің қызғыш құсы Жақсыкелді Кемаловтай жеке-дара туған азаматтардың арқасы. «Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ» деген екен Өбіш Кекілбаев абызымыз. Біздің алып-қосарымыз жоқ. Дәл біздің кейіпкеріміздің болмыс-бітіміне айтылып тұрғандай.

Кең-байтақ даламыздың қай қиыры да төгілген ән, жоңкілген жыр, шалқыған күйге бай. Ән көп, бірша нағыз орындаушысын тапқан әннің ғана бағы ашылды. Қазақстан Жазушылар одағы, Ақмола облыстық филиалының төрағасы Төлеген Қажыбай ағамыздың: «Көкшетауда арагітік болса да Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай есімдерін еске алуға қатысты облыстық, республикалық деңгейде ен байқаулары өтіп келеді. Осы орайда Жаңаарқа, Семей, Талдықорған өңірінен келген әншілер болмаса, байқау иесі Көкшетау, Қызылжар, Кереку, Ақмола, Қостанай маңынан мойны озық шыққан әншілердің бой көрсете қоймайтындығы көңілге реніш ұялататындығы жасырын емес», – деп 3 сәуір 2017 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде «Арқаның әншілік дәстүрі: асыл өнердің арқауы үзілмесін» деген мақаласында жазған екен.

Төлеген ағамыздың көңілінің аландығын түсінуге болады. Өрине, қасиет қонған топырақта ел ішінен өнерпаздардың шықпауы мүмкін емес. Өнер жолына қанат қаққан бозбалалар мен қыздарды албырт шағында жоғалтып алмай, адастырмай, ән өнерінің аспанына үкілеп баптап, еркін самғайтындай қанатын қатайтып, жол сілтейтін Жақсыкелді Кемаловтай арда азаматтар ортамызда.

Жақан – Арқа ән мектебінің қабырғасын қаласқан тұғыры биік тұлға. Бардың бағасын, жоқтың қадірін білетін елдің ұрпағымыз ғой, барымызды бағалап жүрейік!

Есжан ӘМІРОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

• ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН АУЫСТЫРАДЫ

Желілік полиция: жедел қызмет майталмандары

Біз небір мамандықтың барын білеміз. Алайда, сол мамандықтың қиыншылығы мен мәселесінен бейхабармыз. Сырт көзге оңай көрінер. Бірақ, өзіндік қиындықтарын көзбен көріп, сезінбейінше, маман иесінің рөлін сомдамайынша, кесіп айту – дұрыс емес. Мәселен, вокзал мен әуежайдағы қоғамдық тәртіпке, қауіпсіздікке жауап беретін желілік полиция қызметкерлері жайында хабарыңыз бар ма? Ал, жолаушылар қауіпсіздігіне жауап беретін – осы мамандар. Қылмыстың алдын алып, тыныштықты күзетіп отырған жандардың еңбегін көп біле бермейді. Осы мақсатта Ішкі істер министрлігі, Көліктегі полиция департаментіне қарасты Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімі, патрульдік полиция взводының бір күнімен таныстық. Былай айтқанда, Қарағанды жолаушылар вокзалындағы патрульдік полиция қызметкерлерімен бірге форма кидік.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бәрі саптан басталады

Жұмыс саптан басталады. Оған дейін межелі жерге ертерек барып, патрульдік полиция взводының командирі, полиция аға лейтенанты Алтынхан Қанжановтың дайындап қойған қызметтік киімін кидік. Қара көк түсті форма көздің жауын алады екен. Сыртқы күртшесі, бас киімі де шақ келе қалды. Былтыр қызметтік киім жаңа үлгіде енгізілген болатын. Жыл басынан бері өңірдегі барлық қызметкерлерге жаппай таратылыпты.

Қызметкерлердің қалтасында болуы керек басты құжат – қызметтік куәлік. Екіншісі, полиция белгісі. Одан бөлек, қызметкердің және жолаушының құқықтары жазылған арнайы кітапшаны да қоса алып жүруге міндетті. Сонымен қатар, әр ауысым жетекшісінің кеудесіне қауіпсіздік әрі айғақ үшін бейнесондырғы қойылған. Бізде жоғарыда айтылған куәлік пен белгі болмағандықтан, қызметкердің қалта кітабы мен арнайы берген қаруларын белге тартып, жұмыс күніміздің басталғанын күттік.

Өңірде Қарағанды-Сұрыптау станциясына қарасты 8 желілік бөлімше бар. Біріншісі Қарағандыдағы «Сағуақа» әуежайында орналасқан. Одан кейінгісі Қарағанды мен Балқаштағы жолаушылар вокзалында, Сарыбел, Жарык, Ақадыр, Мойынты және Саяк станциясында. Олар өз аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қадағалайды.

Бүгінгі саптық жиынға Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Бағлан Жарылқасынұлы арнайы қатысты. Қызметкерлердің хал-жағдайын сұрап, қызметтік куәлікті тексерді.

– Басты мақсат – қылмыстың алдын алу әрі жолаушылардың құқығын қорғау. Осы мақсатта жолаушының жеке құжатын және сөмкесін тексеруге заң жүзінде толық құқығымыз бар. Егер қандай да бір заң бұзушылық анықталған жағдайда хаттама толтырылуы қажет. Соған сәйкес ҚР Әкімшілік кодексінің тиісті тармағы бойынша шара қолданылады. Осындағы әр қызметкер өз құқығын әрі міндетін жақсы біледі. Халықпен де тіл табыса алады, – деді Бағлан Жарылқасынұлы.

Желілік полиция қызметкерлері мұнда үш ауысыммен қызмет етеді. Бір ауысымда 7-8 адамнан бекітілген. Әрқайсы түнгі және күндізгі ауысыммен тәулік бойы қызметтік киімде жүреді. Жұмыс уақыты аяқталғанда келесі шығатын ауысым мүшелерімен сапқа тұрып, кезекті өткізеді. Біз де түнгі ауысымды үйіне жіберіп, кезекті қабылдап алдық.

Бір ғана вокзалдың ішінде қарауыл бекеті, әскери күзет, теміржол күзеті және вокзал басшылығы отырады. Олар өзара бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста. Егер жолаушылар қандай да бір ереже бұзған жағдайда бірден патрульдік полиция қызметкерлерін шақырады. Әрі қарай полиция қызметкерлері істі

өздері соңына дейін жеткізеді. Өткен айдың өзінде жолаушылар тарапынан түрлі құқықбұзушылық анықталып, 15 хаттама толтырылған.

Қарағанды – тоғыз жолдың торабы

Патрульдік полиция взводының командирі, полиция аға лейтенанты Алтынхан Қанжановтың пәрменімен қызметімізге кірісіп кеттік. Біздің бірінші жұмыс – келетін пойыз жайында ақпарат алып, танысып шығу. Қарағанды жолаушылар вокзалы 24 сағаттың ішінде 20-24 пойызды күтіп алып, шығарып салады екен. Күтіп алған пойыздың арнайы берілген құжатқа тіркеуін қажет. Пойыз нөмірі, вагон саны және вагон штабы жетекшісінің аты-жөні толық қағазға түсуі керек.

Сағат 9-дан аса «Астана-Семей» бағытындағы №122 пойыз келіп тоқтады. Желілік полиция бөлімі, патрульдік полиция взводының полиция сержанты Данияр Райымбековпен бірге пойызды бетке алдық. Әр вагонда штаб жетекшілері отырады. Олардың қолында барлық жолаушының дерегі бар. Сол деректерге көз жүгіртіп, вагон ішін бақылап қайттық. Деректермен танысып, жолаушылардың қауіпсіздігіне көз жеткіздік. Соңында вагон жетекшісіне бардық, тәртіп бұзған жолаушылардың бар-жоғын біліп, шағымның жоқтығын растату үшін құжатқа қолын қойдырыдық.

Пойыз жүріп кеткенше, жолаушылардың қауіпсіздігі үшін осы жерде болуға тура келді. Пойызды жіберген соң келесі бағытта жүретін пойыз жолаушыларын вокзалдың кіреберісінен күтіп алдық. Жолаушылар сөмкесін арнайы аппараттан өткізіп, компьютер арқылы ішіндегі заттарын тексердік. Біздің міндет – адамға зияны тиетін түрлі суық қару мен құралдарды ішке кіргізбеу.



Полиция пунктіндегі бейнебақылау камераларын қарау сәті

«Ішкі істер органдары құқықтық тәртіп пен азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болуға тиіс. Азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға және заңды мүдделерін сақтауға, халықтың полицияға деген сенімін нығайтып, ішкі істер органдарын реформалау, соның ішінде полиция қызметіне сервистік модель енгізу, қызметкерлерді іріктеудің сапасы мен дайындығын күшейту жұмыстарын жалғастыру қажет».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Бейнебақылау жүйесі адым аштырмайды

Қарауыл кеденінде үш ауысым. Әр ауысымда 21 адамнан болса, оның 16-сы ауысымға түседі. Ал, бұл мекемеге тиесілі 185 бейнебақылау камерасы бар. Күн-түн демей вокзалдың іші мен сыртын үзіліссіз түсіріп тұр.

– Біздің басты мақсат – жолаушылардың қауіпсіздігі. Жолаушылар вокзалына кіріп-шыққан әр адамның қол сөмкесіне дейін тексеру – бізге міндет. Жолаушы сөмкесін арнайы аппарат арқылы өткізіп, ішіндегі заттарды компьютер құрылғысы арқылы қараймыз. Егер сөмкенің ішінде тыйым салынған немесе күдік тудыратын басқа да дүниелер болса, компьютер көрсетеді. Біз патрульдік полиция қызметкерлерін шақырып, ақт толтырамыз. Бүгінгі түсірілген кадрлар компьютер жадында екі апта сақталады, – деді Қарауыл кедені бөлімінің бірінші ауысым басшысы Ербол Тайжанов.

Одан бөлек, жаңа вокзал ашылғалы по-

лиция пунктіне қосымша тағы 185 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Бұл камералар да вокзалдың сырты мен ішіндегі әр адамның қимыл-қозғалысын көз жазбай аңдып тұр.

– Бізге осы камералар арқылы жұмыс істеген әлдеқайда оңай. Жолаушылардың жеке мүлкін, жүктерін ұрлау фактілері тір-

дарды тиісті орындарға жеткізіп салады. Қылмыс жасаған жолаушыларды Сұрыптау станциясында орналасқан жедел тергеу тобына тапсыратын көрінеді. Сонымен қатар, қызметтік көлікпен шойынжол бойына малдың шығып кетпеуін қадағалау мақсатында аптасына екі мәрте қала іргесіндегі елді мекендерді аралап, профилактикалық шара өткізіп тұрады.

Пойыздан түскен жолаушыларды қолтықтап ала жүгіретін вокзал алдындағы таксистердің қатары сиреген. Яғни, бұл полиция қызметкерлерінің атқарған алдын алу жұмыстарының нәтижесі.

– Дегенмен, мұнда талай жыл еңбек етіп, нәпакасын айырған таксистер бар. Көліктерін арнайы тұраққа қояды. Біз сол кісілерді аптасына екі мәрте жинап, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Вокзалға кіріп, жолаушылардың мазасын алмай, бағаны шарықтатпау керектігін айтамыз. Себебі, үлкен қала болғандықтан, көп туристер, студенттер келеді. Оларды алдауға болмайды. Әрі бұл заң тұрғысынан да құқықбұзушылық. Сондықтан, оңды-солды таксистер жүрмейтін болды, – деді Алтынхан Қанжанов.

Есірткіге қатысты қылмыс азайған

Кезінде жолаушылар вокзалы есірткі жасыратын немесе есірткі таситындар үшін бірден-бір үлкен орын еді. Қазір вокзалға есірткі түгелі күнделікті тұрмыста пайдаланатын пышақтың өзін алып кіре алмайсыз. Тәртіп қатаң, бұйрық сондай. Мәселен, жыл басынан бері аймақта 18 есірткі тасу фактісі анықталған. Бұл дерек, соңғы жылдарға қарағанда әлдеқайда төмендегенін айтады мамандар. Соңғы анықталған екі факті Қарағанды қаласының аумағы мен Ақадыр кентінде тіркеліпті.

– Өзірге бізде үлкен көлемде есірткі тәркіленбеді. Кейбір адамдар болады, шылым секілді күнделікті аз мөлшерде тұтынатын. Оларды вагон ішінде құрықтадық. Сонымен қатар, тасымалдау қызметін атқарып жүргендер де ұсталды. Түрлі шаралар мен профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде қылмыс саны азайып келеді, – деді Алтынхан Қанжанов.

Елде қылмыстың жедел алдын алу мақсатында жыл сайын «Қарасора» шарасы ұйымдастырылады. Бұл шарада өңірлерге арнайы дайындалған кинолог мамандарды жіберіп, қылмысты әшкерелеуге күш салады. Осы мақсатта көліктегі полиция департаментінен кинолог маман Нұржан Құттыбаев арнайы іс-сапармен облысқа жіберілген. Өңірлерге бөлінген кинолог мамандар белгілі бір уақыт аралығында елді мекендерді аралайды.

Нұржанның осы жаққа келгеніне бір жұмадан асыпты. Қарағандыға келісімен Ақадыр станциясына барып, бір тәулік уақытын сол жақта өткізген. Кейін Ақадырдан Балқашқа, Саяққа барып, жұмыс жүргізіп қайтыпты. Саяктан Қарағандыға келгенде бізбен бірге бір ауысымға түсті. Бізбен бірге Black есімді 2 жасар неміс овчаркасы кезекті пойыз вогондарын тінтіп шықты.

– Кішкентай кезімнен иттерді жақсы көретінмін. Содан бері осы салада қызмет істегім келді. Бірақ, осы уақытқа дейін бос жұмыс орны болмағандықтан келе алмадым. 2022 жылы сәті түсіп, жұмысқа тұрдым. Бір айдан кейін Black есімді неміс овчаркасын берді. Оның тамақ ішуіне, жатығуына, тіпті, денсаулығына дейін мен жауаптымын. Итті маған бергеннен кейін екі ай бір-бірімізге үйрену процесі өтті. Кейін бірге жаттығу жасап, тіпту жұмыстарына шықтық. Осы уақытқа дейін 5 есірткі қылмысының жолын кестік, – деді Нұржан Серікұлы.

Түйін

Осылайша желілік полиция қызметкерінің рөлін сомдап, бір күнді ел арасында өткіздік. Әр мамандық өзіңше күрделі. Түрлі қылмыстың ортасына түспесек те, өзіндік қиындықтарды көзбен көріп, жұрт қауіпсіздігі үшін еңбек етіп жүрген желілік полиция қызметкерлерінің тынымсыз еңбегіне бас иідік.

Жүректі «қуаттаудың» жаңа әдісі

Қарағандыда жүрек ырғағын стимуляциялаудың жаңа әдісі енгізілуде. Жүректің өз ырғағы жеткіліксіз кезде оны қосымша стимуляциялау осыдан 50-60 жыл бұрын қолға алынған. Ал, бүгіндері бұл әдіс жанарып, кең қолданысқа енді. Қарағанды қаласының №2 көпсалалы ауруханасында да бұл әдіс қолданылды.


Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жүректің табиғи ырғағын алмастыратын құрылғылар әуелі адам жүрегі тоқтап қалмау үшін қысқа электрлі импульс беріп тұру мақсатында пайдаланылды. Уақыт өте келе, мақсат пен міндеттер өзгерді. Қазір басты міндет – жүректің өз ырғағына жасанды ырғақтарды қосу. Бүгін, міне, осындай емге зору науқастарға ота жасалды, – дейді аурухананың

аритмолог дәрігері Алексей Бокач.

Аталған технология жүректің жасанды ырғағын оның табиғи ырғағына барынша ұқсас етеді. Басқаша айтсақ, электрлі импульстарын жүректің өз жеткізуші жолдары арқылы тасымалдауға болады. Заманауи электродтар мен жеткізу жүйесі электрокардиостимуляторды барынша тиімді орналастыруға мүмкіндік береді. Имплант орнатылған науқастардың 84%-ы еш алқынбай белсенді қозғалыста өмір сүреді.

– Электрокардиостимуляцияның бұл түрін салу нәтижесі 93%-ды құрайды, – дейді Алексей Бокач. – Сальнатын батарея 10-15 жыл жұмыс істейді. Қосымша қуаттау керек емес. Наукас онымен күнделікті өмір сүре береді. Ота жергілікті наркозбен жасалады, яғни, наукас есін біледі. Ота күрделі. Ол жүректің жағдайына қарай 1,5-3 сағатқа созылуы мүмкін. Оның айтуынша, бұл әдіс 2020 жылы Астанада қолданыла бастаған.



– Ол уақытта бізге коронавирус кедергі келтірді. Бүгінгі таңда жаңа әдіс өңірлерде, оның ішінде,

Қарағандыда да енгізілуде. Алдағы уақытта мұндай шараларды көбейтеміз, – дейді Алексей Юрьевич.



Оның айтуынша, бүгінде бұл технологияға қызығушылық жоғары.

– Компаниялар жүректі стимуляциялайтын электродтарды көптеп шығаруда. Процедура әдеттегі имплантациядан қымбаттау болса да наукас үшін түпкі нәтиже анағұрлым жақсырақ. Мен 2014 жылдан бастап, бұл тақырыпты зерттей бастадым. 2019 жылдан стимуляцияны қолға алдым. Содан бері білгеніммен бөлісіп келемін, – дейді шетелдік маман.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Су айдындарында ау құруға тыйым салынады»

Ежелден ептілік пен мергендігіне сенген қазақ аңшылық дәстүрден кенде емес. Ал, балық аулап күн көру кейіннен енді біздің тірлік-ке. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» тәмсілі де бертін келе қалыптасса керек. Қамыстан қармақ құрап, жібектен жіп таққаны кеше. Алайда, айдыңға біткен балық түрлерін заңсыз жолмен аулап тұқымын тұздай құртудың аз алдында қалдық. Деректер дегеніне қарасақ, Қарағанды облысында «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы шектеу шараларын елемей балық аулағандарға жыл басынан 137 әкімшілік құқық бұзушылық хаттама толтырған. Оның 15-і сотқа жолданды. Сондай-ақ, 1 млн. 742 мың 25 теңге көлемінде айыппұл салынып, оның 1млн. 587 мың теңгесі мемлекет пайдасына өндірілді.

Инспекция одан бөлек, заңсыз қолданылатын 11 балық аулау құралын, синтетикалық монофиламенттен жасалған аулар, 2 жүзу құралын, 2 көлік, 849 келі балық тәркілеген. Қарап отырсаңыз, броконьерлік құрлықта ғана емес, суда да тыйыммай тұр. Осы туралы һәм балық аулау дәстүрін тереңірек білу мақсатында біз Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығы ком-муналдық мекемесінің директоры Мақсат Мұқановпен әңгімелескен едік.

– Жалпы облыста қанша ба-
лық шаруашылығы бар?

– Облысымызда 201 балық шаруашылығы жұмыс жасайды. Жергілікті маңызы бар бұл ша-руашылықтардың жалпы көлемі 68372 гектарды құрайды. Оның ішіндегі үшеуінің республикалық маңызы өте зор. Олар – Балқаш көлі, Нұра өзені және Қаныш Сәт-баев атындағы арна. Сонымен қа-тар, 201 шаруашылықтың 104-іне заңды тұлғалар бекітіліп жекеше-ленген. Олар түрлі балық түрлерін өсірумен және шектеулі балық аулату дәстүрімен айналысады. Ол дегеніміз балықшылар су қой-масының иелерінен балық аулауға тиісті жарнасын төлеп арнайы жолдама алуы керек. Сол жолдама арқылы тек қармақпен ғана балық аулап демалуға болады. Ал, қалған 97-сі ешкімге бекітілмегендіктен оны Үкімет өзі қадағалап отыруға мәжбүр. Ол жерде де балық аула-уға рұқсат бар. Бірақ ауланған ба-лық 5 келіден аспауы тиіс. Көбінде заңсыз балық аулау міне, осындай аумақтарда жиі кездеседі. Әрине, қорықшылар жұмысын жүйесіз дей алмаймыз. Су қоймалары елді мекендерден қашық болған-дықтан, күнделікті тексеру қолай-сыз. Сондықтан заң талаптарын бұзу фактілері сейілмей тұр.

– Бұл шаруашылықтарды қорғаудың реті мен тәртібі қа-лай? Қанша маман бар? Қажет-ті материалдық-техникалық база толық жабдықталған ба?

– Иә, әрине біздің мекеме-лердің материалдық базасы кез келген жағдайға сақалдай сай. Ар-найы моторлы катеріміз бар. Төрт моторлы және үрмелі кайық, мұз бұрғылайтын аппараттар және қыста мұз астына ауа жіберетін насостар жиынтығы да жетер-лік. Сонымен қатар, қыста алыс-жақын су қоймаларына баратын қарда жүретін көліктер (снегоход), шаңғылармен қамтылған. Оның үстіне қорықшыларға жағдай жа-сау мақсатында жергілікті атқа-рушы биліктен қажетінше қаражат бөлініп жатар. Қазіргі таңда жал-пы облыс бойынша 15 инспектор жұмыс жасайды. Олар үш топқа бөлініп, тексеріске жиі шығады. Әсіресе жоғарыда атап өткен 97 су қоймаларына жоспардан тыс тексеріс көп жүргізіледі. Өйткені, онда заңсыз аумен балық түрлерін қырып салу фактілері азаяр емес.



Тиісінше қырағы инспекторлар жұмысының қарқыны арқасында осы күнге дейін біршама хаттама толтырылды.

– Бүгінде өңірдегі су айдын-дарындағы балық қоры туралы не айтасыз? Оларды көбейту мен сақтауда қандай жұмыстар атқарылуда?

– Қазақстанның әр өңірінде мемлекеттен қаржы бөлініп, жер-гілікті су қоймалары мен көл-дерге түрлі тұқымдағы шабақтар жіберіліп жатыр. Оның ішінде бекітілмеген су арналарына көп-теп жіберіледі. Себебі, бұл – ті-келей Үкімет қарауындағы аймақ. Ал, иесі бар бекітілген су қоймала-рына өзінің заңды қожайындары қалаған балық түрлерін өз қара-жаттарына сатып алып, оны биз-неске айналдыруда. Бұл да – мем-лекет экономикасына өте пайдалы шара. Балық тұқымын көбейтудің еш қиындығы жоқ. Тек броконьер-ліктен арылтсақ болды. Меніңше, бұған жергілікті тұрғындардың да үлесін қосу керек сияқты. Мыса-лы 97 су қоймаларының ішінен қалаған орнын алып, оны өз тала-бынша қолайлы қылам десе оған Үкімет қос қолдап келіспесе бас тартпасы анық. Біріншіден, ко-рықшылар жұмысы да жеңілдер еді. Су қоймаларының күндіз-түні қорғалып, белгілі бір тәртіпке бағынғаны бізге де жақсы. Екін-шіден, жергілікті су қоймаларына қызығушылық артып, туристік зо-налар көбейер ме еді.

– Аймақтағы балық шаруа-

шылығының бүгінгі ахуалы ту-
ралы жеке пікіріміз?

– Соңғы 2-3 жылдағы ауа райы қолайсыздығы балық шару-ашылығына айтарлықтай залал тигізді. Басты табиғи құбылыс бұл – құрғақшылық, қуаңшылық. Осының кесірінен көптеген су қоймалары тартылып, ондағы балықтардың жағдайы қиындай бастады. Тіпті, қыста көлдердің тартылып таяздауына байланы-сты мұз толық қатып, балықтар қоса қатқан жағдайлар да кез-десті. Әрине, тиісінше жағдай жасалып, жылда мұз астына ауа жіберіліп тұрады. Десек те, су тереңдігін жоғалтқан сайын мұз қалыңдығы еселене түседі де, ондағы тіршілік иелері тұншыға бастайды. Бұл әрине табиғи құ-былыс болғандықтан, оны қадаға-лау мүмкін емес. Ал, броконь-ерліктің алдын алу мақсатында қолдан келгеннен аянбау – біздің басты міндет. Олардың табиғатқа ауқымды залал шектіретін басты құралы – синтетикалық монофи-ламенттен жасалған аулар. Бұл аулар көпке дейін үзілмейді. Тіпті, қанша уақыт күн көзінде жатсын, өте шыдамды әрі су астында көзге көрінбейді. Балықты былай қой-ғанда кейде су құстары қаз, үйрек-тердің өздері осы ауларға оралып өліп жатады. Монофиламенттен жасалған аудың тағы бір қауіптілі-гі ол оралған тіршілік иесін уақыт өтіп құрғаған сайын сығып, буын-дыра береді. Өйткені, құрғаған сайын ау тарылып ширай түседі.

Тап бір жаны бар жәндік секілді. Тексеріс кезінде мұндай аулар жиі кездеседі. Ондай ауларды судан жағаға шығарып қана тастау жет-кіліксіз. Біз қытай ауларын тапқан сәтте-ақ, бірден өртеп жоғамыз.

– Уылдырық шашу кезінде балықтың барлық түрі қорғала-
ма? Қай балықты жиі аулайды біздің елде?

– Әрине, кәсіби балықшылар-дың көбі қармағына үлкен балық түссе оны қоя беруді жөн көреді. Себебі, үлкен балықтан уылды-рық көп шығып көбеюге үлесі зор болғандықтан. Әр балықтың өзінің уылдырық шашу кезеңі бар. Мысалы бізде мамыр айларында сазандар уылдырық шашады. Ол кезеңде сазан аулауға тиым салы-нады. Көбею маусымында барлық балық түрі қорғалады. Ал, тұқы (карась) кей жерде табан балық дейді, оны елімізде көптеп аулай-ды. Ол өте көбейгіш балық түріне жатады. Судың ең тереңіндегі бат-пақты аймақта мекен еткендіктен, еті де дәмді болады. Шортан мен ақ балыққа рұқсат етілген. Заңды түрде жолдама алып, белгіленген тәртіп пен талапқа сай балық ау-ланса, ешқандай жауапкершілік міндеті жүктелмейді. Өйткені, заң бәрине ортақ.

– Уақыт бөліп, сұхбат бер-
геніңізге рақмет!

Әңгімелескен
Жан АМАНТАЙ
«Ortalyq Qazaqstan»

• ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Қайсарлығына қайранбыз

«Жүрегің мықты болу керек. Апатқа түскен жандарға алғашқы ем-дом жасайтын – бізбіз. Кез келген жағдайды эмоция-ға берілмей, салқын қабылдау керекпіз. Әйтпесе, түрлі жа-рақат алғандарды көріп, жаның түршіксе, қолың дірдек қаға-ды. Сол себепті, біздің жұмыс жұмсақтықты қажет етпейді», – дейді Қарағандыдағы Апаттар медицина орталығының құтқа-рушы-дәрігері Алмагүл Алдабекова.

 Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рас-ау, апат кезінде түрлі ауыр жарақат алған адам алдына кел-генде абдырап қалмай, алғашқы көмек көрсету үшін жүректің түк-ті болмағы керек. Алмагүл Аман-гелдіқызы өзіне тиісті қызметті әбден меңгеріп алған маман ретін-де абыройлы.

Жас талапкер Алмагүл Бұқар жырау ауданы Суық су ауылын-дағы мектепті үздік бітіріп, Қа-рағандының медицина академия-сына оқуға түседі. Төрт жылдық білімімен қоса, маманданды-рылған алғашқы жедел көмек көрсету бойынша тағы төрт ай біліктілігін жетілдіреді. Алғашқы еңбек жолын Теміржол емхана-сында дәрігер болып бастаған ол жедел жәрдемде де жұмысын жалғастырады. Кейін өзі тәлім алған Қарағанды медицина акаде-

жабыққанын несіне жасырайын? Өз-өзімізді жинап, жұмысымызды әрмен қарай жалғаддық. Менің жұ-мысым – алғашқы көмек көрсету. Ем-домымды жасадым. Азан-қазан болған жұрттың көбінің күйзелі-стен қан қысымдары түсіп кетіп жатты. Біріне өкістен дем жетпеді. Соның бәріне көмек көрсеттік. 9 ақпан күні Қарағандыдан барған құтқарушылар үйіндіден үш адам-ды тауып, аман алып шықтық. Сонда бос келмегенімізді түсіндік. Адамның өміріне араша түсу – ол деген үлкен нығмет. Жанын сақтап қалған сайын біз керемет күйі кешеміз. Адам – ең құнды байлық. Үлкен байлыққа кенелгеннен де керемет әсер аламыз, – дейді қыз-метіне адал Алмагүл.

Алмагүл Алдабекованың Түр-киядағы құтқару жұмысы кезінде-гі күн-түнгі еңбегі еленді. Мемле-кет басшысы қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығына «Ер-



Түркиядағы құтқару жұмысы кезінде

миясында алғашқы жедел көмек көрсету бойынша студенттерге дәріс оқып, білген-түйгенімен бөліседі. Тәжірибе, тәлімін әбден жетілдіріп алған соң, қазіргі қыз-метіне ауысады. Мұндай мықты медицина маманы Апаттар меди-цина орталығына ауадай қажет еді. Алмагүл Амангелдіқызы ақ халатын құтқарушының фор-масына ауыстыра салуға бірден келісіпті. Келіскен себебін өзі бы-лай түсіндіреді:

– Академия қабырғасында алғашқы жедел көмек көрсетуді оқыды. Мықты деген медицина мамандарынан тәжірибе түрінде үйрендік. Кейін «Жедел жәрдем-де» дәрігер болдым. Одан соң сту-денттермен білгенімді бөлістім. Әр дәріс сабағына тыңқылықты дайындықпен бару қажет. Со-ның арқасында менің де білімім

лігі үшін» медалін табыстады. Биыл да орталыққа түскен дабыл дамыл таптырмағанын ай-тады. Көбіне жол апатына түскен жандарға көмек көрсетіпті. «Биыл «Қарағанды-Алматы» жүрежолын-да жан түршігер жол апаты өте көп болды. Неге екенін білмейміз, мүмкін жол жөнделіп жатқаннан болар, жаз бойы сонда жүрдік. Дабыл түскен сайын орталықтан терең күрсініп алып, шығамыз. Сосын шыдамдылық танытамыз. Айтуда аузымыз бармайтын түрлі апаттарға барып, ондағы адамдар-ды алып шығып, медициналық көмек көрсетеміз. Оңай емес», – дейді құтқарушы-дәрігер.

Алмагүл Амангелдіқызы – бір әулеттің келісті келіні. Төрт бір-дей ұлдың анасы. Жолдасы Абай Сағатұлы ішкі істер саласында еңбек етеді. «Екеуіміз де елдің амандығы

• ИГІЛІКТІ ІС

Бұлақ көрсен, көзін аш

«Жаңбыр жауса – жер тоқ, егін ексе – ел тоқ. Бұлақ ақса – көл тоқ. Еңбек етсе – ер тоқ» дейді дана қазақ. Шет ауданына қарасты Үнірек ауылында осы аттас өзен өткен ғасырдың 90 жылда-рына дейін буырқанып ағып жататын. Кейін тартылып, ағыс бәсеңдеп қалғаны тағы бар. Ауыл тұрғындары игілікті істі қолға алып, өзен бойындағы бұлақ көздерін ашты.

Өткен сенбіде Үнірек ауылы-на бір қауым ел жиналды.

– Ауылымыздағы бұл өзен-нің бойында бұлақ көзі жетер-лік. Әрине, тіршілік көзі болған-дықтан сақтап қалуымыз керек. Бұрындыры өткел бермей ағып жатқан өзеннің кенезесі кеуіп тұр. Алдағы бес-он жылда мүл-дем айырылып қалуымыз да мүмкін. Сондықтан, Жер-Ана-ның бізге берген сыйы – мөлдір бұлақтарды ашып, өзен-көл ар-насын кеңейтуіміз керек, – дей-ді осы ауылда тұрған, қазір Қа-рағанды қаласының тұрғыны, ұстаз Қорлан Молбасова.

Аталмыш шараны өткізуге ұйытқы болған бірнеше жыл Шет



орта мектебінде мұғалімдіктен зейнеткерлікке шығып, Астана асқанымен, туған жерге деген сүйіспеншілігін жоғалтпаған Бақыт Жолдыбайқызы.

Арнайы ат басын ауылға

бұрғандар ішінде ауыл мек-тебінде директор болған Дәмеш Көкіжанова, оқушыларды білім нәрімен сусындатқан Руслан Ашықов, Аман Шілікбаев, Дәу-рен Көшенова, сонымен қатар, Шет ауданында бірнеше жыл полиция бөлімін басқарған Мөл-гәждар Даданбаев болды.

Ауыл ақсақалдары, жаста-рымен қатар Шет орта мек-тебінің директоры Асылан Сұл-танұлы бас болып, оқытушылар мен оқушылар қуана кіріскен іс болды. Үнірек өзені бойындағы бір бұлақтың көзі ашылып, жаға-сы таспен қоршалды. Мөлдір де таза су арнасын өзгенге бұрлды.

Бүгінде Үнірек өзені бойын-да тоған бар. Мал суару, балық өсіруге қолайлы. Дегенмен, 90 жылдарға дейін көктемде дамба ашылып, су ағып жатса, қазір тоқтап тұр. Оған да бет бұрса деген тілек айтылды. Арнайы келген ауыл азаматтары «Бұл шара жалғасын табады, әлі та-лай бұлақтың көзін ашамыз» деп тарқасты.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Отбасымен демалыс сәтінде

жетіліп отырды. Бірден қазіргі ор-талыққа қызметімді ауыстырдым. Әрине, мұнда жұмыс істеу үшін өжеттілік керек. Өмір болған соң, түрлі қатер де болады. Содан жаса-п шеккендерге ем-дом жарап, Ал, жанын аман алып қалуға күш сал-сақ деген ниет болды менде.

Қайсар қыздың орталық қабырғасында қызмет етіп жатқа-нына бес жылға жуықтапты. Тіпті, Түркиядағы зілзала кезінде құтқа-ру жұмысына қатысқан. Ондағы ауыр оқиғаны терең тебіреніспен еске алып, әңгімелеп берді.

– Сол жолы іріктелген құрам-мен Түркиядағы Нұрдағы қаласына ұшып бардық. Біз Қазақстан елінің атынан келдік. Алғашқы күні кірпік қақпай жұмыс істедік. Баласын із-деп шарқ ұрған ананы, әкесін күтіп отырған баланың зарын естіп, баспанасыз қалған, шарасыз күйі кешкен елді көріп, жанымыздың

үшін қызмет етіп жүргендіктен, бір-біріміздің жанымызды түсінеміз, қолдау көрсетеміз», – дейді.

Үлкен ұлдары Бексұлтан фагот аспабында ойнаса, Нұрасыл дом-быраны шебер тартады екен. Ал, Әділбек есімді балалары жүзуге қатысады, шахмат ойнайды. Кен-желері балабақшаға барады.

– Екі ұлымыз әнге әуес, күйге құмар. Өнер саласына бет бұра-ды деп отырмыз отағасы екеуіміз. Үшіншіміз спортты жақсы көреді, жолымызды сол жалғар, – дейді анасы күлімдеп.

Алмагүл Амангелдіқызы – ме-дицина саласындағы 15 жылында қаншама адамның өмірін аман алып қалды. Өжет дәрігердің ерік-жігері-не біз де қайран қалдық. Қара нардай қадірлі аналардың ізін жалғағандар-ды алыстан іздеп жүрсек...

ҚАРАҒАНДЫ

Құттықтаймыз!

Қарағанды қаласының тұрғыны, Қарқаралы ауданы, Көктөбе ауылдық советі, Жаңабет колхозында дүниеге келген ардақты ана, абзал әже **Майра Қасымқызы МЕРСЕИТОВАНЫ** (Токболатова) 80 жасқа толуымен құттықтаймыз! Майра Қасымқызы №7 Калинин атындағы 8-жылдық мектепке 1950 жылы түсіп, 1958 жылы бітірді. Одан Қарқаралы қаласындағы №1 орта мектепті 9-10 класты 1960 жылы үздік аяқтап, сол жылы Алматы қаласындағы Пединститутқа түсті. Алматы педогогикалық институтының (ЖЕНПИ) түлегі. 1965 жылы бітірді. Еңбек жолын Қарқаралы Зооветеринарлық техникумында химия пәнінің мұғалімі болып бастады. Содан бәрімізге сыйлы да қадірлі жездеміз Зейнолла Сабитұлы Токболатовқа тұрмысқа шығып, 4 баланың анасы болды. Бүгінгі күні 10 немере, 3 шөберенің сүйікті әжесі. Өзінің саналы ғұмырында М.Мамыраев, Ынталы ауылдарының орта мектептерінде мұғалім болып қызмет жасады. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, адал еңбегінің арқасында аудандық, облыстық, Республикалық білім министрлігінің мақтау қағаздарымен, медалімен бірнеше дүркін марапатталған. Жоғары санатты ұстаз.

Мерсеитовтар әулетінің үлкені, соңынан ерген 3 бауыры, 5 сіңілісіне әрдайым қамқор, ақылшы бола білді.

Туған күн нұрға толсын жүзіңіз, Куаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз. Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз! Біз сізді шын жүректен құттықтай отырып, мерекелі, қуанышты күндеріңіз көп болсын, зор денсаулық, қажымай әдемі картаюыңызға тілектеспіз.

Ізгі ниетпен: бауырларыңыз – **Қасымовтар, Мерсеитовтер әулеті.**

№568

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Тіл білген, ел біледі

Дана халқымыз «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» деп бекер айтпаған. Орталық Қазақстан Академиясында «Шетел филологиясы және аударма іс» факультетінде «Тіл. Білім. Мәдениет» атты Халықаралық ғылыми теориялық конференция өтті.

Конференция – қазақ, орыс, ағылшын тілінде өткенін айта кеткен ләзім. Жоғары, орта арнаулы және жалпы білім беретін оқу орындарының оқытушылары, аспиранттар, магистранттар мен студенттер қатысты. Жақын және алыс шетелдерден қонақтар байланысқа шықты. Конференцияның географиясы – Түркия, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Беларусь. Конференцияға қатысушылар баяндамаларының тақырыбы теориялық және қолданбалы лингвистиканың, филологияның, сондай-ақ, тілдік білім беру әдістемесінің өзекті мәселелерін қозғады.

тушылары да келіп, өз білгендерін студенттерге айтып берді. Олардың қатарында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, ПИМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы мен осы үлкен жиынның өтуіне себепкер болған Орталық Қазақстан Академиясының профессорлары болды.

Армениядан онлайн қосылған Ресей-Армян университетінің орыс тілі және кәсіби коммуникация кафедрасының оқытушысы, доцент Армен Акопян конференция жұмысына сәттілік тіледі.



Янка Купала мемлекеттік университеті (Гродно, Беларусь Республикасы), Сібір тұтынушылар кооперация университеті (Новосибирск, Ресей), Ресей-Армян университеті (Ереван, Армения), Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті (Барнаул, Ресей), Қырғыз авиация институты, «Ақ-Тілек» оқу-тәрбие зауыты (Бішкек, Қырғызстан), Өзбекстан Ұлттық университеті, Наманган құрылыс институты (Наманган, Өзбекстан), Филология және мәдениетаралық коммуникация институты (Барнаул, Ресей), Беларусь сауда-экономикалық тұтыну кооперация университеті оқу орны, Могилев сауда колледжінен (Могилев қаласы) ғалымдар қатысып, шетел тілін білудің артықшылығын жеткізумен қатар өз тәжірибелерімен бөлісті.

Конференцияға өңіріміздегі жоғары оқу орындарының оқы-

«Тіл елдестіреді. Орталық Қазақстан Академиясының басшылығына осындай конференция өткізіп отырғанына алғысымды айтамын. Негізінен, студенттердің тілін білуге деген құштарлығын осындай жиындар оятады. Мұндай конференция өткізу – бұл оқу орны үшін дәстүрге айналған. Сондықтан, бұл жерде тіл ғана емес, сол арқылы білім мен мәдениетті де сөз етпекпіз», – деген тілегін жеткізді Армен Акопян.

Дәріс алушылар атынан сөз алған Орталық Қазақстан Академиясының шетел филологиясы және аударма факультетінің студенті Аида Қанафина қазіргі уақытта тіл үйренуге деген жастардың ынтасының жоғары екендігін тілге тиек етті.

Манас АҚСАРЫ

• РЕСМИ

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің Қаулысы

Теміртау қаласы №73/6 12 қазан 2023 жыл

Жылжымайтын мүлікке реквизиция жүргізу туралы (тұрғындардың (меншік иелерінің) пәтерлері) Теміртау қаласы, 6 шағын аудан, №55 үй мекенжайында орналасқан үйдің 3 кіреберісі

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарына, Теміртау қаласы әкімінің 2022 жылғы 20 наурыздағы №3 «Теміртау қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» және жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысының шешімімен, техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Теміртау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 жылғы 10 қазан мен 20 қараша аралығында Теміртау қаласы, 6-шағын аудан, №55 ғимарат мекенжайында орналасқан тұрғын үйдің 3-кіреберісіндегі тұрғындардың (меншік иелерінің) жылжымайтын мүлкіне (пәтерлеріне) реквизициялауды жүргізсін. Осы қаулыға №1 қосымшаға сәйкес реквизицияланған мүліктің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға №2 қосымшаға сәйкес жергілікті техногендік төтенше жағдай аймағында мониторинг пен реквизицияны қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың жеке құрамы бекітілсін.

3. Осы қаулыға №3 қосымшаға сәйкес жергілікті техногендік төтенше жағдай аймағындағы мүлікке тыйым салуға уәкілетті лауазымды адамдардың жеке құрамы бекітілсін.

4. Осы қаулыға №4 қосымшаға сәйкес бағалау комиссиясының дербес құрамы бекітілсін.

5. «Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі:

1) «Теміртау қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Теміртау қаласының резервінен тұрғындардың мүлкін (пәтерлерін) реквизициялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қажетті қаражатты бөлу туралы тиісті өтініш жіберсін (иелері);

2) реквизицияланған мүлікке тыйым салу алдында Теміртау қаласы, 6-шағын аудан, № 55 ғимарат, мекенжайында орналасқан үйдің 3-кіреберісіндегі мүліктің (пәтерлердің) әрбір тұрғынның (меншік иесін) жеке қолтаң-

басымен, реквизиция туралы шешім;

3) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 29 бабына сәйкес мүліктің (пәтерлердің) меншік иелерінің таңдауы бойынша қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күн ішінде Теміртау қаласы 6 ықшамаудан, №55 ғимарат 3-кіреберісіндегі мекенжайында орналасқан үйдің мүліктің (пәтерлердің) тұрғындарына (меншік иелеріне) реквизицияланған мүліктің нарықтық құнын төлеу жүргізілсін немесе төтенше жағдайлар салдары қабылданған кейін меншік иелеріне реквизицияланған мүлікті (пәтерді) қайтару жүргізілсін.

6. «Теміртау қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қажет болған жағдайда Қарағанды облысы әкімінің резервінен қаражат бөлу үшін Қарағанды облысының әкімдігіне реквизициялауға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін тиісті өтініш жіберсін.

7. «Теміртау қаласының ішкі саясат бөлімі» және «Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері реквизициялау туралы қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында және Теміртау қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын. Сондай-ақ, осы қаулының көшірмесін ол қабылданғаннан кейін екі күннен кешіктірмей Теміртау қаласындағы 6-шағын аудандағы төтенше жағдай аймағындағы, №55 апаттық үйге қаулымен еркін қол жеткізуге болатын орындарға орналастырыңыз.

8. Осы қаулының №3 қосымшасымен бекітілген жергілікті деңгейдегі техногендік төтенше жағдай аймағындағы мүлікке тыйым салуды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғалар, осы қаулыға №4 қосымшамен бекітілген бағалау жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес 2023 жылғы 20 қарашаға дейін осы қаулыдан туындайтын тиісті іс-шараларды жүзеге асырсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қуатұлы Қыдырбековке жүктелсін.

Теміртау қаласының әкімі
О. ТАУРБЕКОВ

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің Қаулысы

Теміртау қаласы №74/1 17 қазан 2023 жыл

Теміртау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 64/11, Теміртау қаласы, Металлургтер даңғылы № 5/3, 2-кіреберіс мекенжайында орналасқан үйге: «реквизиция жүргізу туралы жылжымайтын мүлік (пәтерлер) тұрғындар (меншік иелері)» қаулыға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес «Жергілікті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «туралы құқықтық актілері», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Азаматтық қорғау туралы», техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың зардаптарын жою мақсатында Теміртау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Теміртау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 64/11, «Теміртау қаласы Металлургов даңғылы № 5/2, 2 – кіреберіс мекенжайы бойынша орналасқан үй тұрғындарының (меншік иелерінің) жылжымайтын мүлкін (пәтерлерін) реквизициялау туралы» қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2 - қосымшадағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында мониторингті және реквизицияны қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың дербес құрамы «Ғалымжан Оспанұлы Спабеков – Теміртау қаласы әкімінің орынбасары», «Андрей Юрьевич Уманцев – Теміртау қаласы әкімінің орынбасары», «Әділет Ерсіңұлы Қайсаев – Теміртау қаласы әкімінің ап-

параты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік – құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы», «Айдана Бауыржанқызы Қаратаева – «Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, деген сөздермен өзгертілсін;

2) 4 – қосымшаға сәйкес, бағалау комиссиясының дербес құрамы «Ғалымжан Оспанұлы Спабеков – Теміртау қаласы әкімінің орынбасары», «Андрей Юрьевич Уманцев – Теміртау қаласы әкімінің орынбасары», «Әділет Ерсіңұлы Қайсаев – Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы», «Айдана Бауыржанқызы Қаратаева – «Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, деген сөздермен өзгертілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қуатұлы Қыдырбековке жүктелсін.

Теміртау қаласының әкімі
О.ТАУРБЕКОВ

Хабарландыру

Сенім білдірілген тұлға Мукашев Канат Амангельдыевич төменде көрсетілген кепіл мүлкін сату бойынша аукцион өткізеді: Лот № 1: Тұрмыстық-шаруашылық құрылыстары бар кеңсе ғимараты келесілерден тұрады: Литер А – кеңсе ғимараты, жалпы ауданы 325,2 ш.м., Лирет – Б – тұрмыстық-шаруашылық құрылыстары, жалпы ауданы 206,3 ш.м., Литер В – киінетін бөлме, жалпы ауданы 2,0 ш.м., жер телімінің жалпы алаңы 0.0915 га (кадастрлық № 09-142-117-170), Қарағанды қ., Утрений проезд, 28 үй мекенжайында орналасқан жылжымайтын мүлік. Бастапқы құны – 145 770 873 теңге. Сауда-саттық бағаны арттыру әдісімен өткізіледі. Аукцион 04.11.2023 жылы сағат 10:00-де Қарағанды қ-сы, Алиханов к-сі, 5 үй мекенжайында өтеді. Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бастапқы құнның 5% құрайды, сатып алу бағасын төлеу мерзімі – 5 жұмыс күн. Сенім білдірілген тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап кепілдік жарналарды және өтінімдерді қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау аукцион басталатын күннен бір күн бұрын тоқтатылады. ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 31-бабының 1 және 2 тармағына сәйкес сатып алу бағасын аукцион аяқталғанға дейін төлеу мүмкіндігін растауды ұсыну қажет, атап айтқанда қолма-қол ақшаны және/немесе банк нысанында және/немесе интернет-банкінг және/немесе шоттан үзінді көшірме арқылы немесе ҚР заңнамасында белгіленген өзге де тәсілдермен. Анықтама телефондары: 8(7212)559120, 87051860655. Кепілдік жарналарды аударуға арналған деректемелер: «Банк ЦентрКредит» АҚ, Қарағанды қ. филиал, Алиханов көшесі, 5 үй, БСН 980841000135, е/ш KZ61856000000090657, БСК КСJBKZKX.

Объявление

Доверенное лицо Мукашев Канат Амангельдыевич проводит аукцион по реализации залогового имущества: Лот №1: Офисное здание с хозяйственно-бытовыми постройками, состоящее из: Литер А – офисное здание, общей площадью 325,2 кв.м., Литер Б – хозяйственно-бытовая пристройка, общей площадью 206,3 кв.м., Литер В – уборная, общей площадью 2,0 кв.м., с земельным участком площадью 0,0915 га (кадастровый № 09:142:117:170) расположенное по адресу: г. Караганда, Утрений проезд, дом 28. Стартовая цена – 145 770 873 тенге. Метод торгов – на повышение. Аукцион состоится 04.11.2023 года в 10:00 часов по адресу: г. Караганда, ул. Алиханова, д. 5. Гарантийный взнос для участия в торгах составляет 5% от стартовой стоимости, срок уплаты покупной цены – 5 рабочих дней. Со дня опубликования объявления, доверенным лицом принимаются гарантийные взносы и заявки. Прием заявок прекращается за день до начала аукциона. В соответствии п.1 и п.2 ст. 31 Закона РК «Об ипотеке недвижимого имущества» необходимо предоставить перед завершением торгов подтверждения способности оплаты покупной цены, а именно наличными деньгами и/или в виде чека банка и/или посредством интернет-банкннга и/или выписки по счету или другими установленным законодательством РК способом. Справки по телефонам: 8(7212)559120, 87051860655. Реквизиты для зачисления гарантийных взносов: АО «Банк ЦентрКредит», филиал в г. Караганда, улица Алиханова, д. 5, БИН 980841000135, р/с KZ61856000000090657, БИК КСJBKZKX.

№260

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Қарағанды Шинсервис

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген бағамен
• жеңілдетілген бағамен
• тракторлар және ауылшаруашылық техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

ЕБ АРЗАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕБ АРЗАН АУА БАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ТАҒЫМ

Ән-ғұмырдың мәңгі нұры

Талғамы биік тыңдарманның аяулы әншісі Сейіл Аяғанның тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. Тақтаның ашылу рәсімі 19 қазанда, марқұмның туған күнінде өтті. Оған ән деп ғұмыр кешкен саңлақтың туыстары, өнердегі, өмірдегі достары және облыс басшылығы қатысты. Ұлын сағынған жұрт естелік айтып, қимастық керіген кеуделерін «Таң самалына» сипатты. Сейіл Аяғанның әуенге айналып кеткен жүрегі 52 жасында тоқтаған еді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемориалдық тақтаны облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов пен Ұлт руханиятының жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова және Сейіл марқұмның досы, дарынды әнші Ерлан Төлеутай, туған бауыры, сазгер Шыңғыс Мұқаев ашты. Бауыржан Асанов сөз сөйлеп, халқының аяулы перзенті хақында жылы лебіз білдірді.

– Сейіл Аяған ғұмырын әнге арнаған шын талант. Оның есімі, дауысы елінің жүрегінде сақталары сөзсіз. Сіздердей тыңдарманы барда Сейіл әнші өлмейді. Осындай асыл туған ұлдарға құрмет көрсету – біздің парызымыз. Қазақ әнінің одан әрі жаңғыруына зор үлес қосты. Аянбай еңбек етті. Соңына дейін әнге берген сертінен таймады, – деді Бауыржан Асанов.

Алашқа аты мәшһүр дарынды әнші, Сейіл марқұм тіршілігінде аға тұтқан Жақсыгелді Кемалов та еңсесі түсіп, бауырына деген ыстық сағынышын айтты.

– Сейіл екеуміздің туған күніміз қатар. Екеуміз бір-бірімізді күн қырдан көтеріле бергенде құттықтап отырушы едік. Биыл ба-



уырым хабарласпады. Телефоным үнсіз. Өзегіме өксік тығылды. Қайран бауырым-ай... Өзгенің бақытына баладай қуанатын таза жүрегі тоқтады. Ән де кімге қонарын біледі ғой, шіркін, – деді Жақсыгелді Кемалов. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қайрат Асқар Сейіл Аяғанға арнаған өлеңін оқып берді.

Марқұм Республика даңғылы 1/3 мекен-

жайында ғұмырының соңғы 4 жылын өткізді. Әншінің репертуарында 200-ден астам ән бар. Гитараны домбыраша сөйлетіп, халық әндерін жаңғыртқан еді.

Республика даңғылына ұлын сағынған халық жиналды. Сүйікті әншілерінің репертуарындағы «Жас қалам», «Таң самалы» секілді әндерін қосыла шырқап, көздеріне жас алды.

Сейіл жүрек

(Сейіл Аяғанға)

Қос өкпең қабынғанда,
Өсекке таңылғанда,
Бұл аяр, сұм дүние
Есепке бағынғанда,
Тонатын осы жүрек!

Сезімге бай күндерде,
Көрсетпей қайғынды елге,
Тазарып алайын деп,
Айнадай айдын көлге,
Қонатын осы жүрек!

Ер көңіл, қыз қылықты,
Әнге орап ізгі үмітті.
Өлемге адалдықты,
Бар елге ізгілікті,
Тілейгін осы жүрек!

Той-думан, тамашада,
Ән салмай жараса ма?!
Қызыққа бөлеп елді,
Ал кейін оңашада,
Жүдейтін осы жүрек!

Қалса да кейін жүдеп,
Есілген мейір жібек,
Көңілдің қыл пернесін
Қозғасын Сейіл жүрек,
Маздасын Сейіл жүрек!

Қайрат АСҚАР

• ҚҰРМЕТ

Ақжолтайлар ардақталды

XIX Жазғы Азия ойындарына Теміртаудан да спортшылар қатысқан-ды. Олар құрыш қаладан қанат қағып, құрлықтың мықтылары арасында ел намысын абыроймен қорғай білді. Арқадан барған 10 спортшының жетеуі – осы қаладан. Теміртаудың әкімі Ораз Тәуірбеков саңлақтарды қабылдап, оларға құрмет көрсетті, қаржылай сертификаттар табыстады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

23 қыркүйектен 8 қазанға дейін Ханчжоу мен Қытайдың тағы бес қаласында 2023 Азия ойындары өткен еді. Құрлық додасында спортшылар 400-ден астам медальға талас жүргізді. Біздің құраманың қоржынына 10 алтын, 22 күміс және 48 қола медаль түсті. Облысымыздан аттанған спортшылар да жеңіс тұғырынан

көрініп, ел мерейін үстем етті. Олар 10 медаль жеңіп алды. Біреуі – күміс, қалғаны – қола.

– Соңғы күндері біз Азия ойындарының барысын мұқият бақылап отырдық және бұл нәтижелер ерекше маңызға ие. Облысымыздағы 10 жүлдегердің жетеуі – Теміртаудан. Бұл нәтиже – біз үшін зор мақтаныш. Осы жеңіс арқылы жерлестеріміз қаламыздағы спорт мектептерінің

жоғары деңгейін көрсетті. Әрине, спортшылардың ғана емес, жаттықтырушылар құрамының да маңдай тері, қажырлы еңбегінің арқасында осылай маркайып отырмыз, – деді Ораз Тәуірбеков.

22 жастағы Кирилл Тубаев байдарқада ескек есуден қола медальмен қуантты. Сонда ғана шыңға шығасын. Владимир Лепеханың жолын жалғастыратын жүректі, білекті балуандар шыға берсін!, – деді күрес түрлері бойынша Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің «Дәулет» мектебі басшысының міндетін атқарушы Сағдат Әбдікәрімов.

Қатысушылардың бірі – Нұрлыбек Хамза. Ол күреспен бала кезінен айналысады екен. Бозбаланың арманы – асқақ,

• ТУРНИР

Дәстүрлі доданың дүбірі

Арқа төрінде тағы бір балуандар додасы. Қарағандыдағы «Жастар» спорт сарайында В.Лепеханы еске алуға арналған грек-рим күресінен жастар арасындағы IX республикалық турнир өтті. Турнир 17 қазанда жалауын көтеріп, 18 қазанда балуандар актық сында белдесті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Владимир Лепеха – классикалық және еркін күрестен КСРО-ның спорт шебері. 1967-1984 жылдары облыстық олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде директордың орынбасары болып жұмыс істеді. 1985 жылдан 2005 жылға дейін Әлия Молдағұлова атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған

мектеп-интернатында да директордың орынбасары қызметін атқарды. Ол чемпиондар шоғырын баптап, отандық спорттың дамуына орасан үлес қосқан. Даңқты шәкірттерінің бірі – Юрий Мельниченко. Ол екі дүркін Азия, екі дүркін әлем чемпионы. 1996 жылы Олимп шыңын бағындырған. Бұдан өзге де шәкірттері қазір еліміздің түпкір-түпкірінде балуан баптап, еңбек етіп жүр.

Доданың ашылу салтанатында арнайы шақырылған құрметті қонақтар сөз сөй-

леп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Владимир Лепеха – классикалық және еркін күрестен КСРО спорт шебері ғана емес, аңыз. Талай саңлақтарды баптаған дарынды бапкер. Ол қазақстандық және қарағандылық спорттың дамуына орасан зор үлес қосты. Балuanның жүріп өткен даңқты жолы кейінгі толқынға үлгі болары сөзсіз. Тауға қарап өскен адам, өзі де биіктейді. Сол себепті де жастарға айтарым, тек мықтыларға еліктеу қажет. Сонда ғана шыңға шығасын. Владимир Лепеханың жолын жалғастыратын жүректі, білекті балуандар шыға берсін!, – деді күрес түрлері бойынша Олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің «Дәулет» мектебі басшысының міндетін атқарушы Сағдат Әбдікәрімов.

Қатысушылардың бірі – Нұрлыбек Хамза. Ол күреспен бала кезінен айналысады екен. Бозбаланың арманы – асқақ,

мақсаты – айқын. Келешекте ел байрағын әлемдік додаларда желбіреткісі келеді.

– Мұндай турнирлерге тек балуанның балуаны ғана келеді. Үздік болғың келсе, үздіктермен белдесу қажет. Әр дода сайын спортшы тәжірибе жинайды, түлейді. Боз кілемге шыққандардан осалын көрмедім. Бәрі өз өңірлерінен іріктеліп келген. Бірақ, алтын медаль біреу-ақ. Тек мықтының мықтысы ғана жеңіс тұғырына шығады, – дейді көзінде от ойнаған жас балуан Нұрлыбек Хамза.

Бұл турнирде облысымыздың балуандары 5 алтын, 5 күміс, 8 қола жеңіп алды. Жалпы командалық есеп жүргізілмеді. Бірақ, бапкерлердің сөзінше, бұл – өте жақсы нәтиже.

Бұл күнде байрақты бәсекенің деңгейі өсіп, қатысушылары көбейген. Жыл сайын беделі артып келеді. Боз кілемде мамандар үміт артып жүрген жүректі, білекті жігіттер баршылық.

• ЖАЗҒЫ АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ-2023

Он спортшы аттанады

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының хабарлауынша, Қытайдың Ханчжоу қаласында 22-29 қазан аралығында өтетін IV Жазғы Азия пара ойындарына аймақтан он спортшы аттанады.

Ауқымды құрлық додасында 43 елдің 4000-ға жуық өкілі қатысып, ел намысын 13 спорт түрінен 131 спортшы қорғайды. Волейбол, каноэ, дзюдо, нысана көздеу, велоспорт, пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, таэквондо, садақ ату, жүзу, үстел теннисі, шахмат, бочка спортынан медальдар сарапқа салынады.

Аймақтан бес спорт түрінен он спортшы қатысады. Дзюдодан – Даяна Федосова, нысана көздеуден – Айдоң Жылқышымов, жеңіл атлетикадан – Руфат Хабибуллин мен Дастан Мұқашбеков. Ал, жүзуден – Сергей Кин, Наталья Звягинцева, Диас Кенжебек, Роман Потапов және Андрей Афанасьев, шахматтан – Әлімжан Аяпов.

• ХОККЕЙ

Төменге сырғыды

«Сарыарқа» клубы шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионаты аясындағы кезекті екі ойынды сырт алаңда «Ақтобе» командасымен өткізді. Бірінші ойында 2:1 есебімен есе жіберсе, екінші ойында дәл осы есепте жеңіске жетті.

Ойыннан кейін «Сарыарқа» клубының бас бапкері Дмитрий Князев ойынның қалай өрбігеніне тоқталды.

– Хоккей – жылдам ойын. Бірінші ойында жігіттер қарсыластардың шабуылшыларына жол беріп қойды. Мұндай қате кешірілмейді, жазаланады. Бірақ, екінші ойында сенімді ақтап, жеңісті жұлып алды, – деді Дмитрий Николаевич.

Осылайша, турнир кестесінде 6 орында тұрған «Сарыарқа» клубы 16 ойыннан кейін 18 ұпаймен 7 орынға жайғасты.



• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Алтыннан белбеу тағынды

Шет ауданында 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен турнир өтті. Турнир қазақ күресінен ҚР спорт шебері, самбодан КСРО спорт шебері Жәкен Ақжанұлын еске алуға арналды. Оған түрлі салмақтағы 15 құраманың 100-ден астам балуаны қатысты.

Ақсу-Аюлы спорт мектебінде өткізілген дода тартысқа толы болды. Орта салмақ дәрежесінде Әлімжан Қыбышев бас жүлдені жеңіп алып, алтын белбеуді иеленді.

– Қарсыластарым жақсы дайындықпен келіпті. Ағайларыма, қолдаған бүкіл достарыма рахмет. Финалдық сайыста досыммен кілемде кездесуге тура келді. Бірақ, шынайы күрестік, – дейді Әлімжан Қыбышев.

Жүлдегерлерге ақшалай сыйлық, кубок және диплом табысталды.



Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalysk.kz@gmail.com; ortalysk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalysk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJKBZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 118 тапсырыс. Индекс 65484

Оффсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ